

Ғалым МҰТАНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры

*Құрметті ҚазҰУ ұжымы,
әріптестер мен студенттер!
Сіздерді ұлық мереке –
Наурыз мейрамымен шын
жүректен құттықтаймын!*

Күн мен түннің теңеліп, табиғаттың қайта
жаңғыратын ерекше сәтінде қазақ халқының
ұлылығын дәріптей түсетін Ұлыстың ұлы күні –
Әз Наурыз мейрамы тойланып, Жаңа жылымыз
басталады. Бұл – ақ түйенің қарны жарылған күн,
ырысты, ынтымақты ұлы той.

Елбасымыз жыл өткен сайын Ұлыстың ұлы күнін
тойлауға аса жоғары мән беріп, оның мәртебесін
арттырып келеді. Себебі, ел ынтымағын арттыруда
Наурыз мейрамының алатын орны ерекше. Бұл күні
араздасқан ағайын бір-бірімен табысып, ағаттыққа
кешіріммен қараған. Бірлікті, ынтымақты ту еткен
мерекені жаңа өмірдің, жаңғырудың бастауы деп
қабылдаған.

Халқымыз үшін Наурыз – жыл басы. Бұл мезгілдің
ҚазҰУ үшін де маңызы зор. Өткенді саралайтын
болсақ, Жылқы жылы қасиетті қара шаңырақ
өзінің табысқа толы 80 жылдық мерейтойын үлкен
жетістікпен атап өтті. ҚазҰУ жылдан-жылға
әлемдік білім беру кеңістігіндегі өз мәртебесін
айқындауда. Қол жеткен жетістіктерді бекіте
түсіп, ҚазҰУ-дың халықаралық аренадағы бәсекеге
қабілеттілігін арттыруда ұжымдық рух мәдениеті
аса маңызды рөл атқарып келеді. Сондықтан Шығыс
халықтарына ортақ осынау айтулы мерекеде
алдымен бірлігіміз нығая берсін деп тілеймін. «Ұлы оң
болсын, Ақ мол болсын!» деп тілек білдіретін достық
пен ынтымақ мерекесі көшбасшылық мерейімізді
асқақтата түссін.

Құрметті әріптестер мен студенттер!

Әз Наурыз елімізге тыныштық, ынтымақ
әкелгей! Әрбір отбасыға амандық, ауызбіршілік, бақ-
береке тілеймін! Ұлыстың ұлы күні бір-бірімізге деген
сенім артып, еліміздің іргетасы нығая берсін. Жаңа
жыл барлығымыз үшін табысты да берекелі болғай!



НАУРЫЗДА САМАРҚАННЫҢ КӨК ТАСЫ DA ЖІБИДІ



Наурыз шығыс елдерінің ортағасырлық мемлекеттерінде патша сарайларына лайық сән-салтанатпен өтсе, дәстүрлі қазақ қоғамында «наурызнама» тойы бірнеше күнге жалғасқан. Наурызды Орта Азия жергілікті халықтарының барлығы тойлаған. «Наурызда Самарқанның көк тасы да жібиді» деген сөздің астарында халықтың бір-біріне кешіріммен қарауы, мейірімі, сонымен қатар адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас жатыр. Тарихи жазба деректер Наурыз мерекесі тараған халықтар арасында өздерінің тарихи дәуіріне сай атап өтілген және Наурызды тойлайтын халықтар өз ұлттық ерекшеліктеріне қарай бейімдеген. Ежелгі шығыс мемлекеттерінде мереке патшалық сарай салтанатына сай болса, Орта Азияның халықтары отырықшы шаруашылық пен отырықшы мәдениетке бейімдеген. Наурыз дәстүрі егіншілікке қатысты дәстүрлермен жалғасқан, көне түркілер мен қазақтар өз мәдениеті мен дәстүрлі шаруашылығына бейімдеген.

Қаз жайлауын саз деймін,
Наурыздан соң жаз деймін.
Көлден ұшқан қаздаймын,

Наурыздан соң жаздаймын («Қобыланды батыр» жырынан), — деген жолдар «наурыз» парсы сөзі болғанымен, көне түркілерге, қазақтарға ерте заманнан кірігіп, сіңіп кеткендігін дәлелдейді. Қазақтар «Наурыздан соң жаз деймін» немесе «Наурыздан соң жаздаймын» деп наурыздың көктем мезгілі екендігін айтқан, яғни көне түркілер, қазақтар Наурыз мерекесін жыл басы ретінде ғана емес, көктемнің, жылулықтың келуі, табиғаттың жаңаруы ретінде де тойлаған. Парсы күнтізбесінде «наурыз» ай аты емес, жылдың басындағы фарвардин айының басындағы жеке күннің аты болған.

Наурыз мерекесінің қалыптасуы, мән-жайы туралы жазба деректерді ортағасырлық шығыс ғұламаларының, қазақ жеріне келген орыс және батыс зерттеушілерінің, саяхатшылардың, алаш зиялыларының еңбектері құрайды. Омар Хайям: «Үш жүз алпыс бес күннің (күндіз-

түнінен) ширегінен тұратын ұлы дәуірді «ұлы жыл» деп атады да оны төрт бөлікке бөлді. Үлкен жылдың төрт бөлігі өткенде үлкен наурыз болады. Бұл кезде дүние жаңаланады. Патшалардың бір рәсімі бар: жыл басында олар жақсылыққа бағыштап әрі жыл есебін белгілеп алу үшін, тыныштық өмір үшін баршаға қатысты діни жиындар өткізулері лазым. Кімде-кім наурызды мейрамдап құшуақ жүрсе, келесі наурызға дейін тыныш, бейғам ғұмыр кешеді»; Мәшһүр Жүсіп: «Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – наурызнама... Үйсін Төле бидің заманында наурызнаманың қадір құны астан, тойдан ілгері болған»; М.А. Расул Заде: «Күншығыс мұсылмандарының, әсіресе Кавказ арты мұсылмандарының ардақты игі мейрамы – наурыз... Табиғат қыстан шығады... күншығыс халқының жанына әдемі күндер, жан-жануар, шөптерге жан беретін сәулелер һәм нұрлар келеді... Мейрам ұлттың жеке-жеке болған мүшелерін біріктіріп бір денедей қылып қосатын бір дәнекер...

Жалғасы 7-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

ПОЛЬШАЛЫҚ
МАМАНДАРМЕН
ЖҮЗДЕСУ



3-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ҚОШ КЕЛДІҢ,
ӘЗ НАУРЫЗ!

7-бет



БҮГІНГІ САНДА:

“ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ”
ГАЗЕТИНІҢ “НАУРЫЗ
КӨЖЕСІ”



8,9-беттер

Обсуждены перспективы развития КазНУ

В КазНУ состоялось заседание Наблюдательного совета университета под председательством Министра образования и науки РК А. Саринжипова.

На совете были рассмотрены вопросы исполнения плана деятельности КазНУ в 2014 г., согласования проектов развития на текущий год, расширения Наблюдательного состава совета, а также назначение его секретаря.

Так, состав совета пополнился новыми членами, которыми стали: заместитель Министра иностранных дел РК А.А.Мусинов, президент Алматинского многопрофильного технико-экономического колледжа



Т.П. Маймаков, профессор КазНТУ им. К.Сатпаева Е.М. Шайхутдинов, советник председателя правления Национальной палаты предпринимателей Казахстана Т.К. Назханов.

На заседании членами Наблюдательного совета был одобрен отчет о деятельности КазНУ за 2014 г., который представил ректор Галым Мутанов и

поддержаны все инициативы руководства университета по развитию вуза на текущий год. Также единогласным решением секретарем совета вновь назначен кандидат юридических наук, доцент кафедры таможенного, финансового и экологического права А.К.Джангабулова.

Пресс-служба КазНУ

РЕКТОРАТ

Жақсылықтың, жаңарудың бастауы – Наурыз мерекесі қарсаңында өткен ректорат отырысы көңіл жадыратар сәтгермен басталды. Наурызда халқымыз ескі затты өртеп, бұлақ көзін ашқан. Барша жан бір-біріне жақсылық тілеп, достық құшақ жайған. Кешегі мәжілісте орын алған шәкіртақы табыстау рәсімі де осынау игі үрдістің бір көрінісіндей әсер берді.

Келелі кеңес

Олай дейтініміз, окуда озат, қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытқан, ғылымға құштар жастарды қолдаудың өзі бұлақ көзін ашқанмен тең. Жиында студент, магистрант және докторанттардан құралған 60-қа жуық талапты жасқа 6 миллионнан астам қаржының шәкіртақысы табысталды. Осындай қолдауға ие болған жастардың жігері артып, қанаттана түсері даусыз. КазҰУ ректоры Галым Мұтанұлының бастамасымен факультет пен кафедралар жүзеге асырып отырған жақсы дәстүрдің қаншама арман-тілек, үкілі үміттерге жол ашып, жүректерге нұр сепкені анық.

Ал күн тәртібіндегі негізгі сұрақтар талқыланған тұста мінбеге факультет пен кафедралардың индикативті жоспарды орындау көрсеткіштері туралы баяндау үшін шығыстану факультетінің деканы Баян Жұбатова мен халықаралық қатынастар факультетінің деканы Кәрімжан Шәкіров көтерілді. Университет дамуының басты бағдаршамы – индикативті жоспарды орындаудың жай-күйіне толыққанды тоқталған факультет басшылары өз ұжымының ауқымды жұмыстарымен таныстырды. Алда тұрған маңызды міндеттерді орындау барысында орын алған кемшін тұстарды атап өтіп, көрсеткіштерді жақсартуға арналған шараларды ұсынды.

Сондай-ақ жиында өзге де өзекті мәселелер қаралып, оқытушы-профессорлар құрамы өз пікірлерін ортаға салды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Расширение сотрудничества: вузы Израиля

На встрече руководства университета с гостями из Израиля были обсуждены вопросы развития научно-образовательного сотрудничества.

В мероприятии приняли участие ректор КазНУ академик Галым Мутанов, проректора, деканы факультетов, заместитель Генерального директора Министерства иностранных дел государства Израиль Цви Рав-Нэр, Чрезвычайный и Полномочный Посол Израиля в РК Элияу Тасман и Советник главы департамента «Евразия» Михаэль Бродски.

Галым Мутанов ознакомил гостей с деятельностью КазНУ и его достижениями, отметив, что вуз успешно трансформируется в исследовательский университет мирового уровня. Расширение международного сотрудничества является важным направлением работы, активно интегрируясь в глобальное научно-образовательное пространство, КазНУ изучает передовой опыт ведущих вузов мира.

«Наш университет открыт для взаимовыгодного сотрудничества, мы готовы рассмотреть ваши предложения и поделиться своим опытом. Первым шагом может стать академический обмен студентами и преподавателями. Учитывая

то, что израильские университеты являются одними из лучших в мире по исследованиям в сферах высоких технологий, медицины и экономики, для нас представляет большой интерес поработать над совместными научными проектами», – отметил ректор КазНУ.

Цви Рав-Нэр в свою очередь, заявил, что рад посетить ведущий вуз Казахстана и готов предоставить всю информацию израильским университетам о деятельности КазНУ, а также оказать всемерную поддержку развитию двусторонних научно-образовательных связей. «Казахстан и Израиль имеют хорошие перспективы сотрудничества в области науки и образования, так как у наших стран похожее видение академического развития», – сказал израильский дипломат.

В завершение встречи стороны выразили готовность активно поддерживать инициативы и работать над расширением сотрудничества.

Рустем АБРАЕВ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Далянь университетінен делегация келді. Күн тәртібі бойынша, университет басшылығы мен Қытайдан келген қонақтардың кездесуі екі университеттің мүмкіндіктері мен болашаққа жоспарлары жайында әріптестік орнату туралы болды.

ҚАЗҰУ ДАЛЯНЬ УНИВЕРСИТЕТІМЕН КЕЛІСІМШАРТҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Іс-шараға ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М. Бүркітбаев, шығыстану және халықаралық қатынастар факультеттерінің декандары, қытайтану кафедрасының меңгерушісі, ректораттың ШЫҰУ директоры және Далянь университетінің шет тілдер жөніндегі профессоры Рэн Суемей, қытайтану мектебінің директоры Ли Чунджи қатысты.

Кездесуде алғы сөз алған Мұхамбетқали Бүркітбаев қонақтарды қарсы алып, ҚазҰУ-дың жетістіктері мен қызметі жайында толық таныстырды. Халықаралық мәселелер төңірегіне кеңінен тоқталып, соның ішінде қытайлық университеттермен байланыс жайында да айта кетті.

«Біздің университет Қытай университеттерімен жақсы академиялық байланыс орнатқан. ҚазҰУ ҚХР-дың

18 университетімен әріптес, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асырып, маман даярлайды. Біз барлық бағыттар бойынша өзара тиімді серіктестік қарым-қатынастарды дамытуға тырысамыз», – деді бірінші проректор.

«Далянь университетінің негізгі қызметі әлем тілдерін зерттеу болып табылады. Факультеттерде әлемнің әртүрлі тілдерін зерттеуге арналған орталықтар бар және біз Қазақстанда да солай жасасак дейміз. Әрине, ол біздің университеттер арасындағы жұмысымыздың нәтижесін береді», – деді Рян Суемей ханым.

Кездесу соңында екіжақ студенттер мен оқытушыларды академиялық алмасу келісімшартына қол қойып, бірлескен ғылыми конференциялар мен жобалар жасауға келісті.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

ҚЫСҚА-НҰСҚА

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының ұйымдастыруымен Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 1-ші вице-президенті, филол.ғ.д., профессор Мехмет Куталмышпен «Түркия мен Қазақстан арасындағы ғылыми байланыстардың дамуы» тақырыбында ғылыми семинар өткізілді. Кездесу барысында Түркия мен Қазақстан елдерінің арасындағы достық қарым-қатынас, ғылыми географиялық және тілдік мәселелер қарастырылды.

Г. НҮСІПОВА

«Аудармашы – әлемдік өркениетті дамытушы». Осындай тақырыппен жақында филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасы Алматы облысы Талғар қаласындағы №2 С. Сейфуллин атындағы орта мектептің 11-сынып оқушыларымен кәсіби бағдар мақсатында онлайн конференция өткізді. Кафедра меңгерушісі профессор Ә. Тараков қазіргі жаһандану заманындағы аудармашы қызметінің рөлі және университеттегі мамандар дайындау жайында қысқаша әңгімеледі.

И.ӘЗІМБАЕВА,
кафедра оқытушысы

«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында М. Мақатаевтың мұрасына деген құрмет пен ізгілікті қалыптастыру мақсатында физика-техникалық факультеті жылуфизикасымен техникалық физика кафедрасының «137 – Жылуэнергетикасы» тобының 1-курс студенттерінің ұйымдастыруымен әдеби-сазды кеш өтті. Студенттер акынның артында қалдырған асыл қазыналарынан сыр шертіп, тыңдарманның жүрегіне жылу сыйлады. Кеш барысында Мұқағали ағамыздың лирикалық шығармаларынан бастап ұлттық рухты көтеретін патриоттық өлеңдеріне дейін шырқалып өтті. Жалпы акынның махаббат пен сүйіспеншіліктен сыр шертетін көптеген өлеңдері бар. Солардың бірі «Мен ғашықпын» атты өлеңін Баекешов Нұрдаулет ерекше етіп орындай білді. Мақымханов Нұрсұлтан «Шыда, шыда» өлеңінің терең мән-мағынасын оқырманға жеткізе білсе, Қалтай Толғанай «Бауыржан Момышұлына» атты шығармасын орындады. Ал, Көшербай Тұрар поэзиялық кеш қонақтарына «Ерке сыйлым» күйін ерекше шеберлікпен орындап берді.

Е. САНДЫБАЕВ,
137-топ әдәйзері

Жуырда журналистика факультетінде оқытылатын мамандықтарды таныстыру мақсатында №5 Алматы полиграфиялық колледжінде кәсіби бағыттау жұмыстарымен колледждің соңғы курсына оқитын студенттермен кездесу өтті. Негізінен факультет – баспа ісі, дизайн, журналистика, қоғаммен байланыс мамандықтары бойынша түлектер дайындайды. Кәсіби бағдарда «қоғаммен байланыс» және «баспа ісі» мен «дизайн» мамандықтары бойынша жұмыстар жүргізілді. Кездесу барысында еліміздегі Паблик рилейшнз (PR) немесе Қоғамдық байланыстың қарқынды дамуы, «Баспа ісі» мамандығы мен «Дизайн» мамандығының маңызы туралы айтылып, соны жастармен арадағы сұрақ-жауапқа ұласты.

А. СӘДУАҚАСОВ,
Қ. МЕРГЕНБАЕВА
журналистика факультетінің оқытушылары

ҚазҰУ-да ҚР Білім және ғылым министрі А. Сәрінжіповтің қатысуымен Бақылау кеңесінің отырысы өтті

ӨРЛЕУГЕ ТОЛЫ 30 ЖЫЛ

Жуырда жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының ұйымдастыруымен «Инновациялық педагогика: миссиясы, ресурстары, технологиялары» атты республикалық педагогикалық идеялар фестивалі өтті. Кафедраның 30 жылдық мерейтойына арналған шараға Алматы, Тараз қалалары және Оңтүстік Қазақстан облысы мен Солтүстік Қазақстан облысы университеттерінің білікті де білгір мамандары қатысты.

Шетелдік студенттерге тіл үйретіп, білім беру үшін оқытушы, алдымен, оқу үдерісінің дұрыс жүргізілуін жетік меңгеруі керек. Бұл тұста педагогикалық қабілеттілік пен ұстаздық өрелік қажет. Мұндай кәсібилікке бірден бір себеп болатын орта – кафедра. Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының білім әлемінде желкен кергеніне де биыл 30 жылдың жүзі болды.

Осы уақытқа дейін кафедраның ғылыми базасы дамып, қасиетті кара шаңырақ аясында көптеген жас маманның қанатын қатайтып, қияға самғатты. Бұл педагогикалық идеялар фестивалі 30 жылдағы кафедра жұмысының нәтижесін көпшілікке кеңінен таныстыруға зор мүмкіндік берді.

Республикалық педагогикалық

идеялар фестивалін салтанатты түрде ашқан жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы Жаппасов Жарылқасын Еркінұлы келген қонақтар мен ұстаздар қауымын құттықтап, сәттілік тіледі. Сонымен қатар «Бұл кафедра шетелдік жастарды тәрбиелеуде өте жоғары маңызға ие. Шетелдік азаматтарды қалай оқыту керек, студент бойына қандай қасиеттерді сіңіріп, нені үйретуді басты назарға ұстаған жөн деген сияқты тәрбие сауалдарына жауап беретін бірден бір орта. Осы 30 жыл ғұмырында педагогика саласында білікті мамандар даярлап, республикалық, әлемдік деңгейде ғалымдар қалыптастырды. Бұл кафедра тәрбие саласына аса мән беруімен құнды», – деп пікір білдірген шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы

кафедрасының меңгерушісі, филол.ғ.д., профессор Ихсанғалиева Гүлнәр Қуанышқызы аталмыш кафедраның педагогика саласындағы зор еңбектерін ерекше мақтанышпен айтты.

Республикалық педагогикалық идеялар фестивалі көптеген ауқымды тақырыптарды қамтыды. Бұл фестивальде «Мәдениетаралық қарым-қатынас мәтінінде тілдерді оқытудың болашағы және өзекті мәселелері» және «Оқытудың сапасын көтеру жолдары» деп аталатын секциялар бойынша барлық фестивальға қатысушылар рет-ретімен түрлі тақырыптарда өз баяндамаларын оқыды, әртүрлі тың тақырыптар тыңдалды. Баяндамашылар баяндама барысында туындаған сұрақтарға жауап беріп, қызу талқылауға қатысты. Педагогтар жиын барысында өз тәжірибелерімен бөлісіп, шеберлік сағатын көрсетіп, ой-пікір алмасты.

Г.Қ. ИХСАНҒАЛИЕВА,
шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының меңгерушісі
А.Е. САДЕНОВА,
доцент

Абыройлы белес



Ғұмырының ширек ғасырға жуығын білім беру саласына арнап, отандық ғылымның дамуына өзіндік үлес қосып келе жатқан профессор, құрметті кафедра меңгерушісі Құралай Ахметқызы Аққошқарова – ұстаздық және ғылым жолындағы қызметі аясында айтарлықтай үлкен табыстарға жеткен жан. Үстіміздегі жылы Құралай Ахметқызы білім, ғылым мен мәдениет саласындағы еңбегі үшін ҚР Еңбек сіңірген қайраткері атағына ие болса, бүгінде ол ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі атанып отыр.

Сондай-ақ Шетел азаматтарына арналған дайындық бөлімінің деканы, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарған Құралай Ахметқызының 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай Елбасының арнайы шақыртуына ие болуы кара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің де мәртебесін арттыра түсті. Осы орайда Құралай Ахметқызын жетістіктерімен құттықтап, мерейініз үстем болып, мәртебеніз арта бергей дегіміз келеді.

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы атынан
Ж.С. САДЫҚОВ, Н.Ә. АЛДАБЕК

ЛУЧШИЙ ИЗ ЛУЧШИХ

В преддверии весенних праздников по инициативе руководства КазНУ на факультетах, а затем и на университетском уровне был проведен конкурс среди лучших кураторов-эдвайзеров «Smart-эдвайзер».



Претенденты на лучшего “Smart-эдвайзера” должны были не только отвечать высоким требованиям педагога-куратора, но и удивлять своими творческими, музыкальными способностями, обладать полиязычностью, смекалкой, быстрой сообразительностью и широким кругозором. И самое главное, быть в настоящей «команде» со своими курирующими группами.

Так, на факультете химии и химической технологии обладателем Гран-при конкурса «Smart-эдвайзер» стала куратор-эдвайзер кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров, кандидат химических наук, старший преподаватель Гульфайруз Кайралапова. Достойный выход, прекрасный видеосюжет, яркое музыкальное шоу-представление и высокая эрудиция и кругозор мгновенно определили высокий статус Гульфайруз и ее «команды». Завоеванное в честном «бою» звание «Smart-эдвайзера» факультета с ошеломляющим успехом еще раз они

подтвердили и укрепили победой в Гранд-финале, где наблюдалось яркое соперничество уже среди лучших смарт-эдвайзеров восьми факультетов университета. Нужно отдать должное, что все конкурсанты отлично показали себя, свои таланты и интеллект. Большой вклад в успех каждого конкурсанта, несомненно, внесли подопечные дети-студенты, а также огромная группа поддержки и болельщиков в лице всего факультета химии и химической технологии. Гульфайруз с легкостью перебирала всевозможные варианты выступления с одновременным оттачиванием и шлифовкой каждого этапа с точки зрения педагога – воспитателя – куратора – химика. И, конечно же, этот труд дружной единой духом команды дал свои плоды.

Р.С. ИМИНОВА,
старший преподаватель кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров

ПОЛЬШАЛЫҚ МАМАНДАРМЕН ЖҮЗДЕСУ

Еуроодақтың белді мүшелерінің бірі – Польша Республикасымен ақпараттық және ғылыми әріптестік саладағы қарым-қатынастардың дамуына университетіміздің журналистика факультетінің ұжымы да атсалысуда. Айшылық жерден Алматыға келген польшалық журналистер мен ғалымдар оқу орнымызға ат басын бұрса, факультет ғалымдары Польшаның Варшава, Познань, Слублица қалаларындағы ғылыми басқосударда қаламгерлермен және саясаттанушы ғалымдармен кездесіп қайтты.

Жуырда осы жүздесулер өзінің занды жалғасын тапты. Поляк халқына қарсы жасалған қылмыстарды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия болып табылатын Польшаның Ұлттық зерде институтының қызметкерлері факультетіміздің оқытушы-профессорлар құрамымен, студенттерімен жолығысып, тарих ақтандақтары және бүгінгі күн мәселелері бойынша келелі пікір алмасты. Мәртебелі меймандар – Ұлттық Зерде институты бюро директорының орынбасары Войцех Савицки мен институт қызметкері Ежи Рогозински, Польшаның Қазақстандағы Бас консулдыңының консулы Радослав Грук, вице-консул Даниел Брацишевски мырзаларды таныстырып өткен журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубек еліміздің қаламгер кадрлар ұстаханасының өткені мен бүгініне, еларалық байланыстарға кеңінен тоқталды. Осы ретте ол факультет ғалымдарының Польша жоғары оқу

орындарындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, университеттік басылымдарға өз мақалаларын жариялап келгенін тілге тиек етті. Сондай-ақ студенттер мен магистранттар да Польшадағы тағылымдамаларарқылы Батыс Еуропаның мәдениетімен, экономикасымен және әлеуметтік өмірімен танысуға мүмкіндік алып отыр. Мұндай өзара тиімді қарым-қатынастар алдағы кезеңде де жалғасатын болады.

Польшаның Ұлттық Зерде институты бюро директорының орынбасары Войцех Савицки және осы институт қызметкері Ежи Рогозински мырзалар тарихи-мұражай мекемесінің қызмет бағыттары туралы әңгімелеп берді.


Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,
баспа ісі және дизайн кафедрасының меңгерушісі



КазНУ и Даляньский университет (КНР) подписали соглашение о сотрудничестве

АСТРОНОМДАР АСПАН АСТЫ ЕЛІНДЕ

Жуырда ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультеті қатты дене физикасы және бейсызық физика кафедрасының астрономия мамандығының студенттері менің жетекшілігіммен Қытай Ғылым академиясы Шыңжаң астрономиялық обсерваториясында бір айлық ғылыми практикадан өтіп қайтты.



Біз желтоқсан айының 20 күні Қытай еліне жолға шықтық. Бізді Үрімжі қаласындағы Шыңжаң астрономиялық обсерваториясына орналастырды. Алғаш барған күні мен өз университетіміз туралы және кафедралық істеліп жатқан ғылыми жұмыстар жайлы баяндама жасап, таныстырдым. Жалпы Қытай елінің білім беру сапасы, ғылыми-зерттеу жұмыстары өте жоғары деңгейде. Оқимын, үйренемін деген адамға барлық жағдай жасалған, обсерваторияның зерттеушілері өте

іздемпіз, ағылшын тіліне жетік және қызметтеріне асқан жауапкершілікпен қарайды екен. Бұл обсерваторияда орналасқан Наншань Радиотелескобы (радиусы 25 метр) бірегей болып табылады. Ол Үрімші қаласынан 70 шақырым қашықтықта, теңіз деңгейінен 2080 метр биіктікте орналасқан. Қазіргі кезде ол телескопқа көптеген дамыған елдер қызыға қарап отыр.

Бұл сапардың тағы бір ерекше тұсы бар. Қытай жерінде қарға тамырлы

қазақтың бір өкілінің күтіп алуы біз үшін үлкен қуаныш болды. Ол — Қытай Ғылым академиясы Шыңжаң астрономиялық обсерваториясының ғылыми жұмыстар және халықаралық қатынастар бойынша директорының орынбасары, жұлдыздың қалыптасуы және эволюциясы зерттеу тобының жетекшісі, астрофизика бойынша PhD, профессор Жаркын Есімбекұлы. Қалың қытайдың ортасынан ғылымның көкжиегінде самғап, қазақ деген ұлтты алыстан танытып жүрген ол кісінің астрономия саласындағы жетістігі ұшан-теңіз. Бізден барған 5 студентке жеке-жеке Жаркын Есімбекұлының PhD докторанттары жетекшілік етті. Ол кісінің өзі де бүкіл практика барысында бізбен бірге болып, мол біліммен сусындатты. Сондай-ақ ол Қытай Ғылым академиясы атынан Қазақстаннан барған студенттерге 30 мың теңге көлемінде шәкіртақы тағайындатып, жұмыс істейтін арнайы орындармен қамтамасыз етті.

Осы сапар жайында студент Бақтияр Сұлтанбекұлы былай дейді: «Менің ол жақтан алған әсерім өте керемет. Білімді жетілдіре түстім. Практика соңында бәріміз арнайы сертификаттармен бірге шәкіртақыға ие болдық. Енді үйренгенімді өзге студенттерге үйретуге дайынмын».

Ғылыми практика барысында студенттер көптеген тәжірибе жинақтады және өз зерттеу тақырыптары бойынша үздік нәтижеге қол жеткізіп келді. Қазіргі таңда аталмыш обсерватория біздің кафедралық байланыс орнатуға қызығушылық танытып отыр. Бұл ынтымақтастықтың екі жаққа да жемісті болып, жалғасын табарына сенеміз.

Комеш Тоқтархан,
*физика-техникалық факультеті
ҚДҒ және БҒ кафедрасының
оқытушысы*

«Szia! Sziasztok! Koszonom!» – эти слова теперь останутся в наших сердцах как теплые воспоминания о студенческой жизни, а для многих – о первой зарубежной образовательной поездке по программе академической мобильности.

Вместе учились и путешествовали



Уютно расположившаяся в самом центре Европы страна туристских контрастов — Венгрия, объединила иностранных студентов, в одном маленьком, спокойном и милом городке под длинным и сложно произносимым названием Секешфехервар.

Секешфехервар — первая венгерская столица. Название города можно перевести как «Престольный белый град», который в средние века был местом расположения королевской резиденции. Здесь были коронованы 37 королей и погребены 15 правителей. Жители города, как и все население страны, очень добродушны и приветливы. Венгры горды страной, в которой они живут, языком, на котором разговаривают, и бережливы по отношению к истории своей Родины.

Вместе со студентами КазНУ на семестровое обучение в Университет прикладных наук им. Яноша Кодолани прибыли 27 студентов из самых разных стран мира: Испании, Швейцарии, Португалии, Мексики, России, Украины, Азербайджана, Турции. Наиболее представительными оказались студенческие команды Казахстана и Турции. Амбициозные, целеустремленные, трудолюбивые, готовые в любую минуту помочь студенты охотно интересовались традициями и обычаями каждой национальности, участвовали в совместных образовательных и культурных мероприятиях, на практике реализуют принципы толерантности, взаимопонимания, развития межкультурных коммуникаций.

Впервые оказавшись в чужой стране, лично я чувствовала себя как дома благодаря тем людям, которыми я была окружена на протяжении всего семестра. И это было действительно незабываемо. Думаю, новые знания и незаменимый опыт, друзья со всего света, яркие впечатления от общения, невероятные приключения во время путешествий надолго останутся в памяти каждого студента!

Фатима БАБАЗОВА,
*кафедра рекреационной географии
и туризма*

мәліметтер алдық. Алматыдағы диссертациямызға жинақталған материалдарды Делфт университетіндегі көп қабатты кітапхананың сөрелерінен ғылыми еңбегімізге қатысты шетел ғалымдарының еңбектерінен көптеген мәліметтер алып толықтырдық. Ғылым әлеміндегі физика саласының қызықтарына кіріп кеткеніміз соншалық, уақыттың қалай өткенін де сезбей қалдық.

Қазақ ұлттық университеті мен физика-техникалық факультетінің техникалық физика және жылу физикасы кафедрасының оқытушыларының бізді, магистранттарды, шетелде ғылыми тағылымнамадан өтуге мүмкіндік бергені үшін алғысымыз шексіз.


Зейне ӘБДИЕВА, Ғалия НҰРТАЕВА,
*физика-техникалық факультетінің
2-курс магистранттары*

Еуропа университеттеріне саяхат

Біз үшін өткен жыл ғылыми жетістіктерге жетелеген, асқақ армандарымыздың орындалуымен есте қалған жыл болды. Үлкен мақсатпен берілген Еуропа елінде өткізуге арналған ғылыми тағылымнамада Делфт техникалық университеті мен Лейден университеті қабырғаларында өтті.

Делфт университеті Еуропадағы бестік техникалық университеттердің ассоциациясының құрамына кіреді. Міне, осындай университетте тәжірибе алмасу мүмкіндігі бізге бұйырды. Бірінші күні университет табалдырығын аттағанда қуанышымызда шек болмады. Делфт университетінде TU Delft Library, Isaac Newton Hall, Einstein Hall, Leonardo da Vinci Hall-да болдық. Делфт университетінің кітапханасында миллионға жуық кітаптар, 90000-дай докторлық публикация қорлары бар. Университетте оқып жүргенімізде әр күніміз мол мағлұматқа толы болды.

Бізге университетте микроскоптар туралы теоретикалық физика PhD докторант Рик Кисман дәріс оқыды, заманауи микроскоптармен таныстырды. Topological symmetry туралы Брайан Чаннан



дәріс тындап, зертханалық жұмыстарға қатыстық. Сонымен қатар болашақ энергияға қатысты күн батареялары мен жел турбиналары туралы Джан Паулдан дәріс алып, зертханаларда болдық. Спин және молекулалық нано-оптикасының зертханасында Петер Косттан дәріс тындадық. Жаз мезгілінде бізге Лейден университетіндегі 2-курс магистранты Бартош Бененовскийдің “Fake symmetry” атты ағылшын тілінде диссертациясын

қорғағанын тыңдауға жақсы мүмкіндік туды. Онымен қоса біз осы магистранттың ғылыми жетекшісі профессор Анна Эчукейромен танысып, сол кісімен де зертханаларға барып, жұмыстар жасадық. Сонымен қатар бұл университеттен әлемге әйгілі физиктердің (Эйнштейн, Гей Люссак, Томсон, Ом, Ньютон және т.б.) колтанбаларын көрдік.

Біз ғылыми жұмысымыздың тақырыбына байланысты көптеген

Адамның адамшылдығы – жақсы ұстаздан...

Ұстаз – қадірлі есім. Себебі, бұл – адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер дегеніміз даналықты жүректен ұға білу болып табылады. Сол себепті де дана халқымыз: «Ұстаз талантты болса, шәкірт талапты болады» деп бекер айтпаған. Ұстаздықтың ұлы жолын ұстанған осындай жанның бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі, бүгінде туған университетінде кемеңгер ұстаз, «Биология» деп аталатын патшалықтың құрметті азаматы, көптеген шәкіртті білім нәрімен сусындатқан ұлағатты ұстазымыз профессор Нұртай Торманұлы бүгінде мерейлі 75 жасқа толып отыр.

Н. Торманұлы мол ізденіс пен талапты қажет ететін ұлы жолды өзінің аянбай еткен еңбегі, ғылымға, білімге деген зор ынтасы мен қызығушылығымен бағындыра білген ұстаз десек болады. Ол – ел басына қиын қыстау күн туған заманда дүниеге келіп, өмірдің қиындықтарына төзіп, білімге деген мол ізденісінің арқасында замандастарының арасынан топ жарған қазақ баласы.

Ғылым жолындағы еңбегін өзі білім алған адам және жануарлар физиологиясы кафедрасы жанындағы ғылыми зертханадан бастаған, кейіннен ғылыми тәжірибесін Орта Азия мен Қазақстан, Қырғызстан аймақтарында ұйымдастырылған ғылыми экспедицияларға қатысып, құнды ғылыми мақалалар мен деректер жинақтап, кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады. Міне, содан бері ұстаздықтың кемел жолын жалғап келеді. Өзінің ғылым мен білімге деген мол ізденісі, күш-жігерінің арқасында 35 жасында биологияжәнегеографияфакультетінің сырттай бөлімінің деканы, кейіннен биология факультетінің деканының орынбасары, содан кейін биологияны оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

Сонымен қатар Н. Торманұлы Ү. Атынсарин атындағы білім беру проблемалар ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп, «Биологияны

тереңдетіп оқытатын гимназиялар мен сыныптарға арнап әдістемелік кешен жасау» ісімен айналысып, көптеген оқу-әдістемелік құралдар жасауға өз үлесін қосты.

Көптеген жылдар бойы жинақтаған педагогикалық тәжірибесінің арқасында Н. Торманұлы оқу үрдісінде инновациялық технологияларды қолданудың әдістерін мектеп оқушылары, бакалавр, магистр, докторанттарға үйретіп, білім алу жүйесіне тың серпін әкелді. Оның дәлелі сол технологиялар мен әдістемелік құралдар кешені оқу жүйесінде пайдаланып келеді. Соңғы бес жылда биология пәні бойынша Олимпиадалар өткізуге де белсене атсалысып жүр. 1998 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жанынан Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығының жұмысына үлес қосты. Осы орталыққа Республика деңгейінде дарынды балаларды тартып, халықаралық деңгейде Биология пәні бойынша өткізілетін Олимпиадаларға дайындауға атсалысып, нәтижесінде Қазақстан командасының координаторы болып, оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болды.

Н. Торманұлының 200-ден астам ғылыми мақаласы, 11 оқу құралы мен әдістемелік кешені бакалавр және магистранттарға арналып жарық көрді. 2014 жылы әл-Фараби



атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойына арналған «Үздік оқу басылымы» байқауында «Сатылымдар көшбасшысы» номинациясы бойынша І дәрежелі диплом мен ақшалай сыйлыққа ие болды.

Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Н.Торманұлының да ұзақ жылдар бойы аянбай еткен еңбегі факультет, университет деңгейінде бағаланып, қара шаңырағымыздың ректорының бұйрығымен бірнеше рет шәкірт тәрбиелеу мен білім саласына қосқан еңбегі үшін алғыс жарияланды, университетіміздің 50 жылдық мерейтойында төсбелгімен, 1994-1996 жылдары «Қазақстан Республикасы білім беру үздігі», «Қазақ ұлттық университетіне 75 жыл» белгісімен, 1996 жылы «Қазақстан Республикасы

Білім беру ісінің құрметті қызметкері», 2014 жылы «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.

Адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімге ғана тән. Демек, қай елдің болсын өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы білім саласының даму бағытына тікелей байланысты. Еліміз өркениетті елдердің қатарынан орын алып, ұрпағымыз қоғам қажеттілігіне сай болып жатса, бұл – ұстаздардың еңбегінің жемісі. Олай дейтін себебіміз ақынды да, батырды да, алыпты да, дананы да ұстаз тәрбиелейді. Ұстаз қандай болса, қоғамы да сондай болмақ делінген бұлжымас заңдылық ерте уақыттардың өзінде-ақ белгілі болды. Осы орайда білім жолында жастарға үлгілі жол көрсетіп, бағыт-бағдар беріп, әлі де ұстаздықтың ұлы тізгінін ту етіп ұстап келе жатқан кафедрамыздың ақсақалы, аяулы ұстазымыз Нұртай Торманұлын мерейлі мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздың жөні де, жолы да бөлек. "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға" деп Абай ағамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз. Алдағы уақытта да Сізге толайым табыс, шығармашылық ізденіс, денсаулық тілейміз. Әрдайым шәкірт жүрегінен орын алып, еңбегіңіздің жемісін көріңіз.

С.Т. ТӨЛЕУХАНОВ,
*биофизика және биомедицина
кафедрасының меңгерушісі,
профессор*

■ СВЕТЛАЯ ПАМЯТЬ

В эти дни мы вспоминаем нашего любимого, дорогого человека, который являлся одним из ярких представителей лучшей школы политэкономии, фундаментального направления экономической науки Казахстана.

Имамбаева Уруза Аешевна. Это человек, который всю себя без остатка отдавал своему любимому делу – обучению студентов. В КазНУ она начала работать с 1979 года, сначала в должности старшего преподавателя, затем доцента, а в 2001 году ей было присвоено академическое звание «Профессор КазНУ». За эти десятилетия Уруза Аешевна отдала свой богатый опыт педагогического мастерства и глубокие знания плеяде молодых специалистов Казахстана. Ее прекрасные лекции и семинарские занятия прослушали десятки тысяч студентов.

Уруза Аешевна верой и правдой



служила политической экономии, ныне экономической теории. Она всегда скрупулезно и тщательно

готовилась к каждому своему занятию, будь-то лекция или семинар, знала каждого своего студента по имени, назначала дополнительные занятия, отдавая все свои силы и энергию. На ее рабочем столе всегда лежала стопочка письменных студенческих работ, самостоятельных заданий, которые педантично ею прорабатывались и оценивались. Заслуженным вознаграждением, безусловно, была преданная любовь студентов к своему учителю.

Мы все были свидетелями стойкости и крепости духа Урузы Аешевны, с мужеством преодолевая проблемы, она никогда не жаловалась на трудности. Старалась всегда находиться в строю, плодотворно работать и просто быть рядом с нами, дарить радость и хорошее настроение своим родным и близким.

Мы, ученики и коллеги У. Имамбаевой, вспоминаем о ней, как о добром и отзывчивом человеке, о ее порядочности, честности и профессионализме. Склоняем низко головы в знак благодарности за свет и любовь, которые Уруза Аешевна дарила нам, а также огромный вклад в дело отечественного образования и науки. Она своими заветами всегда будет освещать нам дорогу и ориентировать нас на добрые и светлые дела. Любовь и тепло ее мы сохраним в своих сердцах на долгие годы, ведь учительский труд означает бессмертие.

**Ж.Я. АУБАКИРОВА, д.э.н.,
Р.Т. ДУЛАМБАЕВА, д.э.н.,**
*профессоры кафедры экономики,
а также ученики и коллеги
У. Имамбаевой*

**На факультете востоковедения прошел «Посольский час» с участием
Посла Японии в РК г-на Камохара Масаёси**



Ә. ТӘЖІБАЕВТЫҢ КӨПШІЛІК ҚАУЫМҒА ЖАҚСЫ ТАНЫС ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БІРІ – «МОНОЛОГТАР» ПЬЕСАСЫ. ЖАЛПЫ, ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН БАСҚА ДРАМАТУРГТЕРГЕ ҚАРАҒАНДА Ә. ТӘЖІБАЕВ ТУЫНДЫЛАРЫНДА ЛИРИКАЛЫҚ МОНОЛОГТАР ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ. ӨЙТКЕНІ ОЛ – ЛИРИКАЛЫҚ ӨЛЕҢДЕР ЖАЗЫП ҚАЛЫПТАСҚАН ЗОР АҚЫН. АЛ ТАЛАНТТЫ АҚЫН АДАМНЫҢ ІШКІ СЫРЫН, ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫН МОНОЛОГ АРҚЫЛЫ ЖЕТКІЗУДЕ ШЕБЕРЛІК ТАНЫТПАЙ ҚОЙМАЙДЫ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ БІРІНШІ ЖАҚТАН СӨЙЛЕЙТІН КЕЙІПКЕР МОНОЛОГЫ ӨЛЕҢМЕН ӨРІЛЕТІН БОЛСА, ТІПТІ ӘСЕРЛІ ШЫҒАДЫ. БІЗДІҢ ДРАМАТУРГТЕРІМІЗДІҢ МҮНДАЙ КӨРКЕМДІК АМАЛДАРҒА БАРА БЕРМЕЙТІНІ ДЕ СОНДЫҚТАН. БҮЛ – Ә. ТӘЖІБАЕВ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ БІРІ.

«Монологтар» пьесасының кейіпкерлері ретінде ХХ ғасырда өмір сүрген белгілі тұлғалар алынған. Олар: акын, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин, Кеңес Одағының батырлары генерал Панфилов, Төлеген Тоқтаров, Мәншүк Мәметова, екі мәрте Социалистік еңбек ері Ыбырай Жақаев, Кеңес Одағының халық әртісі Күләш Байсейітова, академик Қаныш Сәтпаев, осылардың қатарында Акын-автор мен Уақыт та бар.

Негізі пьесаға драмалық сипат дарытып, жеке эпизодтарды біріктіріп тұрған Акын-автор мен Уақыт арасындағы диалогтар және хор. Шығарма кейіпкері саналатын автор – акын сөзінде Ә. Тәжібаев қана айта алатын ашы шындық бар. Акын монологтарында әрқандай кезеңдерде орын алған өзгерістер, адам табиғатының түрлі қырлары көріне, Уақытқа тиесілі монологтарда ауыр жылдар танбасы, ақиқат өмір көрінісі ашылады. Мұндағы кейіпкерлер әр буынның, әр мамандықтың иесі болғандықтан, олардың монологтарында Отан тарихының айтулы сәттері бой көрсетеді. Осы монологтар негізінен драматург Ә. Тәжібаевтың дүниетанымын, өмірлік ұстанымын анықтауға септеседі. Автор шығарма кейіпкерлері арқылы өзінің көзқарасын, көпке айтар сырын ортаға салады. Драматург барлық монологтардың өлшемі, ырғақ жасау тәсілдері ыңғайласып

кетпеуіне мән берген. Тарихи тұлғалардың сахнада кезектесіп шығуында мезгіл жағынан байланыс, сабақтастық бар.

Сахнаға алдымен С. Сейфуллин көш бастап шығады. Халықтың бостандығы мен бақыты үшін күрескен Сәкен кер заманның кемшіліктері мен олқылықтарын сынға алғаны үшін айыпталған. Автор:

Кімге обалым айтындаршы,
Қаным қайда төгілген?
Ат! Деген кім?Атқан қайсын?
Қабірім қайда көмілген? –
деп бар шындықты акынның өзіне айтқызады. Драматург Сәкен Сейфуллин өлеңдерінің ұйқас, ырғағын, стильдік ерекшеліктерін сақтауға барынша күш салған.

Ұлы Отан соғысының батырлары генерал Панфилов, Т. Тоқтаров, М. Мәметовалардың монологтарында отаншылдық рух ерекше сарынмен беріледі. Әкесінің «халық жауы» атануы Мәншүктің көңіліне жара салған. Қан майданда қазақ қызына тән ерлік көрсеткен Мәншүк әкесінің ақталар сәтін күтеді. Ана жүрегінің әділетсіз кесімге төзімділік танытқанын тілейді. Оған : «Жүрегімде жалғыз өзің ғанасың, Күт. Келемін. Күйінбе де, жылама» деп дем береді. Сөз жоқ, жаны жаралы кейіпкер басындағы драма.

Талайды жалмаған соғыс Ыбырай

Жақаевтың да көңіліне қаяу түсірген. Ол майданда окка ұшқан баласын ойлап көзіне жас алады. Қорғасындай ауыр қайғы осылай шым-шымдап сыртқа шығады. Алайда, күллі қазақты орасан күш қайратымен тәнті еткен Ыбырай өмірден баз кешпейді. Кетпен-күрегін қолына қайта алып, қатарға қосылады. Байқап отырғанымыздай, автор әрбір кейіпкер басындағы трагедиялық ахуалды көрерменге жолын тауып жеткізіп отырады.

Күләш Байсейітова, Қаныш Сәтбаев сияқты ғылым мен өнер саласының майталмандары атынан баяндалатын монологтарда олардың өмір белестері мен замана шындығы қатар көрініс табады. Өз жеріндегі ұлы өзгерістердің куәсі болған, тұстастарының толағай табыстарына қуанған олар сол қоғамда орын алған кемшіліктерді айтудан жасқанбайды. Еліне кәдірлі азаматтардың ішкі толғаныстары арқылы ұлттық дәстүрге, замандастардың адамгершілік сипатына көленке түсіретін жайттарды сынап өтеді. Ұлтын сүйген Күләш тоғышар, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүретін дүмше басшылардың халық сөзін елең қылмай, тек өз дегенімен жүретін әдетін, мансапқор мінезін тілге тиек етсе, Қаныш:

Ауырмасын ауыр сөзден жүректер,
Көңілдердің көркі сола қалмасын.
Қуанышқа мұздай тамшы тамбасын,

Күлкілерге күйік танба салмасын, – дейді. Осының бәрі небір ауыр кезенді бастан өткерген акынның абзал жандар атынан айтып жатқан өсиеттері іспетті. Кішіпейілділік, үлкенге құрмет, адамзатты бауырым деп тану – аға ұрпақтың ар-ождан тазалығын танытатын қасиет.

Театр көрермендеріне «Сағынамын күн сайын» деген атпен танылған «Монологтар» пьесасы Ә. Тәжібаевтың көп жылғы ізденістерінің нәтижесі екені анық. Сырт көзге жанрдың образ жасаудағы заңдылықтары бұзылғандай көрінгенімен, драманың қалыпты, үйреншікті формасын таныту, түрлендіру талабынан туған жетістіктер де мол. Театр майталмандары сахналық поэманың ой-өзегін терең ұғынып, тартымды спектакльге айналдырған. Қазақ драматургиясындағы өзге шығармаларға ұқсамайтын туындыға кезінде театр сыншылары мен журналистер оң бағасын берген. Адам жанын, оның ішкі драмалық түйілісін кең ауқымда алып көрсеткен «Монологтар» пьесасы Ә. Тәжібаевтың қазақ драматургтеріне ой салған табысты дүниесі деп білеміз.

Пазылбек БИСЕНБАЕВ,
қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының аға оқытушысы

ЕЛЕУЛІ ШЫҒАРМА

«МОНОЛОГТАРДАҒЫ» ӘРБІР КЕЙІПКЕР ӨЗ ЖАЙЫ, ҚОҒАМДЫҚ ОРТА ТУРАЛЫ, ӨМІРДЕ ОРЫН АЛҒАН ТҮРЛІ ЖАҒДАЙЛАР ТУРАЛЫ ТОЛҒАНА СЫР ШЕРТЕДІ. ОСЫ ТОЛҒАУЛАРДА ШЕШЕНДІК ӨРНЕКТЕР, АУЫЗ ЕКІ СӨЗ МАҚАМДАРЫ, ДИДАКТИКАЛЫҚ, ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАР КӨП КЕЗДЕСЕДІ. ОЛАРДЫҢ ӨМІРІНДЕ КЕЗДЕСКЕН ДРАМАЛЫҚ, ТРАГЕДИЯЛЫҚ СӘТТЕР АВТОР НАЗАРЫНАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ. ШЫҒАРМА КЕЙІПКЕРЛЕРІНІҢ ҰСТАНЫМЫ АЙҚЫН, ОЛАР ӘДІЛ ҚОҒАМ ОРНАТУ ҮШІН, ЖАҢА БЕЛЕСКЕ КӨТЕРІЛУ ҮШІН БІЛЕК ТҮРЕ КҮРЕСУ КЕРЕКТІГІН БАСА АЙТАДЫ.

Ә. Тәжібаев кейіпкерлері адамгершілік, азаматтық парызы алдында қарыздар болмас үшін күресті. «Монологтардағы» С. Сейфуллин мен Қ. Сәтбаев образдары сондай. Жалпы, драматург осындағы С. Сейфуллин образы арқылы Кеңес үкіметінің басқару жүйесінде кеткен үлкен қателіктер туралы өткір шындықты жалтақсыз тура айтты. Нәубет заманның сұмдығы қайталанбасын деген оймен ешкімнің көңіліне қараған жоқ. Бұдан нағыз акынға тән асау мінез байқалады. Осындайда қобызы мен найзасын қатар ұстаған жыраулар еске түседі. Пьесадағы Қаныш Сәтбаев болса, көкірегін кернеген қуанышын жасыра алмай ғылым жетістігін мақтан етеді, келешекте шығар биіктерді ансайды.

Босанды адам, босанғандай бұғаудан, Ең құдіретті жердің тартқыш күшімен. Миллиард тонна салмақтарды көтеріп, Шықты оңай-ақ атмосфера ішінен, – дегенде әлемге әйгілі ғалымның уақыт табыстарын сезінуі орынды. Қаныш бейнесінен ірі мұрат, максаттарға талпынған қайраткерді көреміз. Ол жастарға сенім артып былай дейді:

Әрбір жастың кеудесінде
Ұрық жатыр, енді егіліп көктейтін.
Әрбір жастың кеудесінде
Арман жатыр – адамзатты қуандырмай өтпейтін.

Ә. Тәжібаев шығарма кейіпкерлерін іріктеп алғанда, олардың қазақ тарихындағы орнын, жеке өмірін үнемі назарда ұстады. Солардың толғаныстары

арқылы, дәуірдің көпке беймәлім шындығын айтпақ болды. Кейіпкерлер сахнада өмірдің мәні, уақыттанбасы туралы әңгіме қозғайды. Олардың монологтары Акын мен Уақыт арасындағы диалогпен үндес, сарындас келеді. Пьесаның әрбір бөлігі бірін-бірі толықтырып, жетілдіріп тұрғаны байқалады.

Небір тар жол тайғақ кешуді бастан өткерген кейіпкерлер тағдырынан, айтар сөзінен романтикалық сарын сезіледі. Олар жеке басының жайын ойламайды, оларды ауыр кезеңдегі халықтың талайсыз тағдыры мазалайды. Сол үшін күреседі. Әрқайсысы көпті көрген философтарша тереннен толғайды. Халықтың ардагер ұлдары, асыл азаматтары шығып, өз жан сырын ақтара айтады. Ә. Тәжібаевтың «Монологтары» тарихи тұлғалардың, қазақ өмірінің драмалық жақтарын оптимистік рухта көрсете алған реалистік сипаты басым туынды болды. Оның құрылымы мен пішіні қазақ сахнасында қойылып жүрген басқа туындылардан өзгеше. Сөз жоқ, «Монологтар» пьесасында көтерілген мәселелер – көп жылғы ізденістің нәтижесі.

Әзиза ТӨЛЕНБИ,
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті

ҮЗІНДІ

УАҚЫТ: Акын, даусың тым ашы екен
АҚЫН: (екілене). Қуаныштан жарылсын менің жүрегім!
УАҚЫТ: Байқа, байқа, асып кетпе шамадан.
Біреулердің қуана тұрып
Жылауы да мүмкін ғой.
АҚЫН: Жок! Бүгінгі күн басқа күн,
Бүгін жылар күн емес.
Көз біткеннің жасын сығып болғанбыз.
УАҚЫТ: Әр нәрсені салған жақсы ақылға,
Жалған сөйлеу жараспайды акынға.
Жылап алсын жылағысы келгендер,
Сен күлкіге ондайларды шақырма.
АҚЫН: Не деп тұрсың, Уақыт?
УАҚЫТ: Мен адамның өміріне қанықпын,
Күйрегенін көргем талай алыптың,
Мұндай күнде қасірет те бірге жүреді.
Бір күнде біте қала ма,
Қаралы жанның жараға толы жүрегі.
Жесір әйел жоғалған ерін жоқтаса,
Жетім бала әкесін іздеп жылайды.
Жалғыз ұлы алыстан бүгін қайтпаса
Ата мен ана күніренбей қайтіп шыдайды?
Сен олардың ауырта көрме құлағын,
Жұбану үшін көп жылдар керек, шырағым.
ХОР: Өлмеші, адам, ғазиз адам өлмеші,
Ауруға да, ажалға да көнбеші,
Адам әлсіз деген сөзге сенбеші.
Сенбеші, адам, ғазиз адам, сенбеші.

Беиті жүргізген әл-Фараби кітапханасының кітапханашы-менеджері Жұлдыз МАНАПБАЕВА



ҚазҰУ профессоры Герман Ким KBS телерадиокомпаниясының (Оңтүстік Корея) сыйлығымен марапатталды

Жош келдің,

Наурыз – өте ертеден келе жатқан мейрамдардың бірі. Бұл мейрамды парсы, кавказ және түрік халықтары тойлайды. Күн мен түннің теңелуін білдіретін бұл күні ел ескісінен арылып, айналасын жаңартып, қыстан аман-есен шыққанын, көктемнің келуін тойлаған. Сондай-ақ бұл күні тек ізгі-тілектер айтылып, араздасқандар татуласқан.

Наурыз сөзі парсыша «нау» — жаңа және «руз» — күн, яғни жана күн деген мағынаны білдіреді. Осы күн Жыл басы болып саналған. Қазақ халқында да бұл мейрамның мән-мазмұны өте тереңде жатыр. Халықтың ежелгі наным-сенімі бойынша бұл күні бүкіл табиғатқа, тіршілік иесіне, өсімдік, жан-жануарға ерекше сезім, қуат, қасиет нұры құйылады. Жан-жануарлар түлеп, ағаш-бұтақтар бүршік атып, тіршілік атауы жаңара түскен. Табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік арта түседі деп сенген. Сонымен қатар, Наурыздың 21-нен 22-не қараған түнді «Қыдыр түні», яғни ырыс түні деп атаған. Қыдыр ата елді аралап, әрбір отбасыға бақ-береке, ырыс сыйлайды деп сенген. Жастар Қыдыр атаны көреміз деп, түнімен түрлі ойындар ойнаған. Қыдыр атаны көру арқылы, мол берекеге кенелгілері келген.

Сондай-ақ, Наурыз мерекесінің сәні мен әнін келтіретін Наурыз көже жайында айтпай кету мүмкін емес. Наурыз көже қысқы соғымның арнайы сүрленген етінен, түрлі дақылдардан және ақтан дайындалады. Құрамы кем дегенде жеті түрлі тағамнан тұру қажет. Немесе тақ санын сактап, тағам түрін көбейте беруге болады. Оған сүр ет салып пісірілуі — қыс тағамымен қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы — жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды,

ал түрлі дақылдардың қосылуы молшылықты білдіреді. Әрбір адам Наурыз көжеден қалмай, тойып ішуге тырысады. Өйткені, Наурыз көжеде бір жылдық ырыс-береке бар және молшылықтың жоралғысы деген түсінік қалыптасқан. Наурыз көжені халық арасында «тілеу көже» деп те атайды.

Ұлттық мейрам кешегі қысылтаяң заманда қырғикабаққа ұшырып, қыспаққа алынғаны баршаға аян. Тарихқа сызатын түсірген ол күндер артта қалды. 1988 жылдан кең байтақ қазақ жері Наурызға есігін айқара ашты. КСРО кезеңінде бұл мерекеге діни сипаттағы мейрам деп тыйым салынған. Дегенмен қаншама уақыт өтсе де, Наурыз мерекесінің мазмұны, дәстүрі сақталып, тәуелсіз елімізде тойлатып келеміз. Елімізде Наурыз мерекесі достық, еңбек, бейбітшіліктің нышаны болып табылады. Жыл сайын бұл мейрам әрбір аймақта жоғары деңгейде ұйымдастырылады. Осы күні концерт, ойын-сауықтар ұйымдастырылып, Наурыз көже пісіріледі. Әрбір отбасында туған-туыстар жиналып, жақсы тілектер айтылып, қариялар бата береді.

Соның ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үшін де бұл — үлкен мейрам. Жыл сайын сәуір айының ішінде дәстүрлі түрде Наурыз мерекесі тойланады. Басшылықтан



Әз Наурыз!

бастап, барлық факультеттің профессорлық-оқытушылар құрамы, студенттері және т.б. қызметкерлері бұл мерекені атап өтуге белсенді атсалысады. Бұл күні ҚазҰУ үлкен ауылға айналады. Әрбір факультет, ректорат ұжымы өз киіз үйлерін тігіп, ішін ұлттық нақышта безендіреді. Әрбір киіз үйде ұлттық тағамдар мен Наурыз көже әзірленеді. Өнерлі қауым өз өнерлерін ұсынып, күмбірлеген домбыра үні бойды балқытады. Арқан тарту, күрес, күш сынасу, бокс, шахмат және т.б. спорт түрлері бойынша жарыстар ұйымдастырылып, жүйріктер анықталады. Жастарымыз алтыбақан теуіп, ұлттық ойындарды ойнап, мәре-сәре болады. Жалпы Наурыз бүкіл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы бас қосатын, ұжымдық рухты көтеретін, бірлікті нығайтатын айтулы мереке.

Оның ішінде Гүлмира Әбдірайымова бастаған әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы да Наурызды тойлауға ерекше мән береді. Міндетті түрде студенттер арасында Наурыз мерекесіне қатысты «Айналанды нұрландыр», «Дені саудың — тәні сау» жобалары аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Мүмкіндігінше, осы күндері ұлттық әндер, билер, қойылымдар дайындалады. Наурыз мерекесінің келуі бәрімізге ерекше күш-жігер сыйлап, болашаққа деген сенімді нығайтады. Еліміздің бірлігін, татулығын нығайтатын достық, бейбітшілік мерекесі құтты болсын! Әз Наурыз әрбір шаңыраққа бақ-береке, молшылық, ынтымақ алып келгей!

Динара НҰРАНҚЫЗЫ,
әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс
кафедрасының аға оқытушысы

Жалғасы. Басы 1-бетте

НАУРЫЗДА САМАРҚАННЫҢ КӨК ТАСЫ DA ЖІБИДІ

Наурыз мейрамы да мұндай мейрамдардың біреуі... ең салтанатты мейрам»; М. Дулатов: «Наурыз — қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды күншығыс жұрттарының көбі: Үндістан, Иран, Ауғанстан, Бұхар, Кавказ, Түркістан халқы мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айырықша сыйымды, артықша дәлелді» деген. «Бабырнама» жазуында 1504 жылдан 1506 жылға өтетін Наурыз мерекесі Бабыр өз әскерімен Гумал өзенінің бойында Дашта жазығындағы Газниге барар жолындағы сапарына тура келген. Бабыр осы жерде мерекелік дұға оқып, «газал», бата-тілек айтқандығын жазған. Алашқы авторлардың Наурыз тойы хақындағы тұжырымдарын негізге алсақ, Наурызды төл мерекесі ретінде тойлайтын шығыс халқының қайсысы болмасын, бұл мерекеге ерекше мән берген. Жазба деректерге сүйенсек, ертеде жұлдыз есебімен санағанда қыс пен жаздың ауысатын уақыты 9-наурызға сәйкес келген және де қазақтар осы есепті орыс билігі орнағанға дейін берік ұстап келген және ескі жылдың шығып, жаңа жылдың кіруін сегіз күн бойына тойлаған. «Қазақ» газеті шығып тұрған уақытында әр жыл сайын 9 наурызда Алаш зиялылары Наурыз мерекесінің мән-мағынасы туралы өз ойларын жазып, халықты құттықтап отырған. Ескі күнтізбе бойынша Наурыз мерекесін тойлау наурыздың 9-16 аралығында жалғасқан. Мәшһүр Жүсіп жиырма тоғыз жасында Ғабдолла хан өткізген наурызнама тойына сегіз күн бойына қатысқан.

«Қазақ» газетінің Наурыз туралы жазбаларын негізге алсақ, XX ғасырдың бас кезінде Наурыз мерекесінің бұрынғы кезеңге қарағанда бәсең тойланғандығын аңғаруға болады. Бұл мәліметтер XX ғасырдың бас кезінде қазақтың дәстүрлі шаруашылығындағы бетбұрыстар, отаршылдықтың қазақ қоғамына дендеп енуі, XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезінде жұттың жиі болуы наурызнама жасауға да әсер еткенін байқатады. Наурыз кезінде наурызнама жасау, селт еткізер, ұйқыашар, белкөтерер сияқты дәстүрлер мен осы мереке кезінде атқарылатын оттан секіру, аластау, әулие басына бару, тәтті су ішу сияқты рәсімдер мен ритуалдардың бірқатары XX ғасырдың бас кезінен бастап өзгеріске енген. Кенес үкіметінің орнауы, көшпеліліктен отырықшылыққа толық ауысуына байланысты бірқатар наурыз дәстүрлері қолданыстан шығып қалды. Наурыз мұсылман халықтарының тұрмысында исламнан бұрын байырғы зороастризммен бірге сіңгендіктен, тамырын тереңнен тартқандықтан бұл мереке халықтың салт-санасына берік орныққан. Сондықтан да, қазақ халқы басынан қанша жаугершілік, ашаршылық жылдарды өткерсе де, Наурызды ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізген. 1926 жылы кеңестік билік наурыз тойлауға ресми тыйым салса да, көнекөз қарияларымыз Наурызда қауышу, яғни көрісу дәстүрінен ажырамады. Бұл күнде қайта жаңғырған Наурыз тойы бұл мерекенің өміршендігін дәлелдейді.

Тәттігүл КАРТАЕВА,
археология, этнология және музеология
кафедрасының доценті, т.ғ.к.

Наурыз – халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен көне салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналарымыздың бірі. Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мереке. Наурыз – көктемгі жаңарудың, махаббаттың, ақ пейіл мен татулықтың мерекесі.

Наурыз - жаңарудың мерекесі!

Тарихи тамыры тереңге бойлаған Әз Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келген. «Халқым қандай десен, салтымнан сынап біл» демекші, салт-дәстүрлерден этностың мінез-құлқы, үлгі-өнегесі, зейін-зердесі, даналығы мен даралығы, шешендігі мен тапқырлығы, ақыл-ойы, сондай-ақ, жаратушы мен жаратылысқа, өзін қоршаған жанды, жансыз әлемге деген моральдық, танымдық, этикалық көзқарастары көрінеді. Яғни, салт-дәстүр дегеніміз — халықтың рухани өзегі, мәдениетінің дінгегі, тілінің тірегі.

Наурыз — шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, Ұлыстың Ұлы күні. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды салт-дәстүрге айналдырған. Шығыстың данышпандары Махмұд Қашқари, Омар Хаямнан бастап қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин сынды ұлт қайраткерлері де Наурыз туралы еңбектер, өлеңдер, асыл сөздер жазып қалдырған. Наурыз шығыс елдері үшін бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Сондықтан да болар, бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп. Оның барлығы әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдыққа, көрегенділікке, ізгілік пен білімділікке баурайды. Наурыз мерекесін асыға күтетініміз, ерекше даярланатынымыз да содан болса керек.

Мансия АСЕМБАЕВА,
жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы

22 марта народами Востока отмечается праздник Наурыз

Ет орнына



Салт-дәстүрімізді тек Наурыз мерекесінде ғана еске алатын психологияны қалай өзгертуге болады?

Зарема ШӘУКЕНОВА,
Ғылым және білім интеграциясы жөніндегі проректор:

— Жалпы кез келген халықтың салт-дәстүрі ғасырлар бойы қалыптасып, оның этностық менталитетінде барынша терең орнығуы арқылы сол ел-жұртты әлемдік қауымдастықтың, тарихи үдерістің алдында айрықшалай түседі. Наурыз мерекесі кезінде тек қазақ халқының ғана емес, сонымен қатар көптеген шығыс халықтарының ұлттық ерекшеліктерін танытуға мүмкіндіктер ашылады. Наурызда адамдар күн мен түннің тенескен кезеңінде жана өмірдің басталатынына қауымдаса қуанған. Осы дәстүрдің өміршендігіне куәміз. Халқымыз өткен ғасырдағы коммунистік идеологияның ықпалымен көптеген ұлттық салт-дәстүрлері мен мерекелерінен айрыла жаздағаны белгілі. Дегенмен, тәуелсіздік заманы тарихи санамызға жаңа леп, өзіндік рухани шабыт берді. Қазіргі кезеңде көптеген өзінің ерекше реңкін жоғалта бастаған ұлттық құндылықтарымыз жандана бастады. Қазір тек Наурыз мерекесі ғана емес, сонымен қатар қазақы әлеуметте сүндет тойлар өткізгенде, қыз ұзату мен келін түсіру рәсімінде (Беташар арқылы), ұлттық тұлғаларымыздың мерейтойларын атап өткізгенде, астықтың жиын-терінін атап өткізгенде және көптеген ірілі-ұсақты халқымыздың жиындарын ұйымдастырғанда (мәселен, мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылып жүрген қазақша күрес жарысын айтуға болады) ұлттық келбетімізді көрсетуге тырысудамыз. Осылардың барлығы ұлттық психологиямыздың салт-дәстүрлерімізді, ұлттық ерекшеліктерімізді қазіргі заманда жандандырып отыруға дайын екендігін байкатады. Әрине, қазіргі жаһандану заманы әлемдік интеграциялық үрдістердің арқасында халқымыздың этникалық санасына жаңа сипаттағы салт-дәстүрлерді бекіте түсуде. Жастарымыз ғаламдық үдеріс әкелген жана салттарды, құндылықтарды қабылдауға бейім. Өкінішке орай, олар кейде жастар санасында тұтынушы психологиясын, дарашылдықты бекіте түседі. Бірақ, ондай жолмен жүре берудің осал жақтары бар екені анық. Демек, қазіргі кезеңде ұлттық келбетімізді жоғалтып алмауымыз үшін, ұлттық мәдениетімізді әрі қарай табысты дамыту үшін дәстүрлі мәдениетіміздің рухани байлығын ұмытпауымыз керек, оларды заманауи талаптарға сай сипатта насихаттай түсуге тиістіміз. Әсіресе, бұл міндет — Қазақстанның зиялы қауымының алдындағы парыз. Жасампаз ұлттық салт-дәстүрлер еліміздің қазіргі кезеңдегі әртүрлі этникалық топтарының мәдениеттерін өзара жақындата түсетіні анық.

Түз орнына



Сіздерде Наурыз мейрамы қалай тойланады?


Нуреддин ДЕМИР,
Түрксой кафедрасына Хаджеттепе университетінен шақырылған профессор:

— Дүниедегі ең ескі мейрам болып саналатын Наурыздың мағынасы «көктем жаршысы», «жаңа күн» дегенді білдіреді. Түркияда бұл мейрамға қатысты өзгеше дәстүр қалыптасқан. Түрлі атаулармен жүздеген қоғамда 5000 жылдан бері тойланып келе жатқан Наурыз мәдени мұра жолымен бүгінгі күнімізге дейін жетіп, түрік әлемінің ұлттық байланысын нығайтуға септігін тигізген ең манызды мейрамдардың бірі болып есептеледі. Түркі әлемінде жүздеген жылдар бойы тойланып келе жатқан Наурыз Османлы Императорлығы кезеңінде түрлі дәстүрлердің пайда болуына себепкер болды. Османлы сарайында жасалған және «Наурыззыйе» деп аталған тәтті түрі жаңа жылда халыққа ұсынылатын еді. Кейіннен үстіне алтын ұнтақ себілген қызыл түсті наурыз кәмпиттері әзірленіп, халыққа ұсынылатын болды.

Түркияда және түркі мәдениеті кең тараған аймақтарда Наурыз мейрамы түрлі дәстүрлерге толы. Олардан біразын айта кетер болсақ: Мерсин-Силифке аймағындағы Торос түрікмендеріндегі «Наурыз жібегі» атымен белгілі Наурызда ағаштарға шүберек байлап, наурыз күні жайлауға шығады. Тойға келуші қонақтарға жайлаудағы жоғары тап өкілдерінің үйлерінде қонақасы беріледі. Олар оқ атып келгендерін білдірсе, жайлау қожайыны болса, жауап ретінде де оқ атып ишарат білдіреді. Сәлден кейін екі жақтан да мылтықтардың даусы естіліп, «Наурыз құтты болсын, мал басы көбейіп, берекелі болсын!» — деп тілек білдіреді. Бұл Жаңа жылдық мерекедің 20 қозы немесе төлдері бар малшы құрбандық шалып, жайлау төрінде ас беріледі. Тахташы түрікмендерінде Наурыз айы Сұлтан Наурыз деп аталып, әлі ескі болып есептелінетін Наурыз айының 9 жұлдызы күні жайлауда тойланады. Осы орайда, халық арасында «Тау бөктерлері 9. Наурызда қонақжайлыққа бөленеді» деген түсінік қалыптасқан. Газиантеп және оның аймағындағы елдімекенде 22 наурыз күніне «Сұлтан Наурыз» деген атау берген. Халық арасындағы наным-сенімге Сұлтан Наурыз әдемі қыз екен және 21 наурыздың 22-сіне қараған түні батыстан шығысқа көшеді екен, басқа бір наным-сенімге байланысты ол құс бейнесіндегі дәруіш екен. Наурыз айының түнінде Сұлтан Наурыздың ұшып өткен уақытында ұйықтамағандардың барлық тілектері орындалады деген сенім бар. Малатьяның кейбір ауылдарында Наурызды «қыстың аяқталу мерекесі» деп атап өткізеді. Ол түні жастар тілек тілейді, көршілерінің есіктеріне үңіле отырып, олардың ниетінің қабыл болып-болмауын түсінуге тырысады. Гиресундағы «март бозуму» деп тойланатын Наурыз мерекесінде айналадағы өзендерден су алып, жан-жануарларға себіледі. Едирне тұрғындары ескі тоқымаларды жағып «март ичери, пире дышары» деп оттың үстінен секіреді.

Аударған Түрксой бөлімінің аға-оқытушысы
Жеңісбек ӘБІЛДАЕВ

"Қазақ университеті" газетінің



Ұн орнына



Наурыз мейрамының күнтізбелік жаңа жылдан маңызын қалай арттыруға болады?

Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы:

— Наурыз — бүкіл түркі тектес халықтардың ортақ жаңа жылдық мерекесі. Ол — жер бетін мекендеген барша тіршілікке жан бітіп, жаңадан түлеп, жаңадан өніп-өркен жайғанының белгісі іспетті көктем айының жанару мерекесі. Жалпы алғанда, әлемдегі екі қарама-қарсылықтың, қараңғы мен жарықтың күресіндегі жарық күн жеңісінің белгісі. Наурыз мерекесін біздің қазақ халқы 1925 жылға дейін жалпы халықтық мереке ретінде тойлап келіп, ол кеңестік саясаттың салқынынан токтатылып, бүкіл халықтық сипатын жоғалтып алғаны белгілі. 1988 жылдан басталған саяси жылымықтарға сәйкес қайтадан тойлана бастады. Наурыз мерекесі, әсіресе, еліміз тәуелсіздік алып, егеменді елге айналған тұстан бері ұлтымыздың ұлық мерекесіне айналып келеді. Меніңше, күнтізбелік жаңа жылдан маңызын арттыру үшін Наурыз мерекесін тойлауды негізінен бір күнге — 22-ші наурызға шоғырландырып, бүкілхалықтық мерекеге айналдыру керек. Қазіргідей бір ай бойы әр жерде, түрлі мекемелерде, ауыл аймақтарда өздері қалаған күні Наурыз мерекесін өткізуі бұл мерекенің халықтылығына нұқсан келтіретіндей. Ел-жұрт 22-ші наурызды жаңа жыл мерекесі ретінде қабылдап, сол күнге басымдық беріп, бірін-бірі жаңа жылмен құттықтауы тиіс. Жаңа жыл тек 22-ші наурыз күні деген ұғым әрбір адамның жүрегінде жатталып, ертеңіне үмітпен қарайтын қасиетті күнге айналса екен. Ата-бабамыздың жаңа жылдағы көрісу дәстүрін ел болып, жұрт болып сол күнге дәстүр етіп қалыптастыруымыз керек. Бұл біздің ата-бабалық салт-дәстүріміздің қадір-қасиеттің арттырыра түспек.

Дәмеуіш орнына

Ежелден келе жатқан 21 наурыз – Ғашықтар күнін жастар арасында насихаттау үшін не істеу керек деп ойлайсыз?


Назгүл ШЫҢҒЫСОВА,
ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі:

— Ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды ұлықтап, тарих қойнауында қалып, жадымыздан өше бастаған мерекелерді санамызда қайтадан жанғыртып, өз деңгейінде аталуына жастардың қосар үлесі зор. Халықтық қазынаны қадірлеген ұрпақ ұлттық құндылықтарды да әспеттеуі тиіс. 21 наурыз — Ғашықтар күнінің мәртебесін арттырып, дәстүрлі мерекеге айналдыру қажет-ақ. Бұл мерекені көпшілігі біле бермейді. Қазіргі таңда әлеуметтік желілер арқылы манызды мәселені талқылап, даурығып жатқан жастарды жиі байқаймыз. 21 наурыз — Ғашықтар күнін дәл осы әлеуметтік желілер арқылы насихаттау қажет сияқты. Себебі бұл — «селтеткізер», «ұйқышар» сияқты құрметті ұғымдармен, екі жастың арасындағы пәк, шынайы сезіммен өрілген, Ұлыстың ұлы күні қарсаңындағы ерекше мереке. Осы уақытқа дейін «Валентин» күнін мерекеге айналдырып, бір-біріне сыйлық жасаған жастарға төл мерекемізді мойындап, ұлттық махаббат күнін атап өтетін уақыт келді. 14 ақпанды әсіресе мектеп оқушылары ерекше мереке ретінде атап, бір-біріне құттықтау қағаздарды қарша борататын. Тіпті мектеп дәліздерінде сезімдерін білдірген хаттар салуға арналған арнайы жәшіктер қойылғанына да куә болғанбыз. Биыл өзімізін 8-сыныпта оқитын ұлым бұл мерекеге мән берген жок. Осы орайда, өз басым жастардың «Валентин» күнін жылдағыдай дүрілдетіп атап өтпегеніне қуандым. Ұлттық мерекені насихаттаудың тағы бір жолы — бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жиі жазып, жастардың санасына мағынасын, салмағын жеткізе білу. Ұлтымызға жат мерекенің орнын 21 наурыз — Ғашықтар күні басатынына кәміл сенемін.



Қазақ әдебиетінің теориясы және тарихы кафедрасының профессоры Қанипаш Мәдібайдың «ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты оқулығының тұсаукесері өтті

Қазақ университеті наурыз көжесі



Әлемінде ғана емес, 200-ге тарта ел ұйысқан Біріккен
Халықаралық Наурыз мерекесі» қарарын бір ауыздан
білгілеп, оның бір ұлттың немесе мәдениеттің мерекесі
емес, дас бір бөлігі екенін әлем алдында айшықтап берді.
Қазақ университеті жыл сайын өзіндік сән-салтанатымен,
қадір-қасиетімен, тарихымен, ерекше көңіл-күймен, жақсы ниетпен
Халыққа толы болады деген сенімді білдіреді. ҚазҰУ-дың
қадір-қасиетінде татулық, достық, бірлік, еңбек, ынтымақ пен достықтың, береке мен бірліктің,
Ал бұл халықаралық мейрамның ең бір есте қалатын
жағында «Қазақ университеті» газеті жыл сайын дәстүрлі
«Наурыз көже» дейтініміздің себебі, осы дәмге қосылуы тиіс жеті
ұсынып отырмыз. Ал оны санада қорытып, нәрін алу
қажетті еңшісінде.

Қатық орнына

Что Вы предлагаете для повышения статуса праздника Наурыз?

Аскар ХИКМЕТОВ,
директор департамента по академическим вопросам:



— Наурыз
один из самых древних
праздников на земле,
он отмечается уже
более пяти тысяч
лет как праздник
весны и обновления
природы. В наши
дни Наурыз мейрамы
стал общенародным
праздником весны,
труда и единства.
Сегодня он приобретает
глубочайший духовно-
этический смысл,
в нем заложена
актуальнейшая про-
блема современности
— единение и гармония

человека с природой.
Для повышения статуса праздника Наурыз мейрамы
важно обратить внимание на современные формы
и содержание мероприятий, способных привлечь
все население к осознанию исконных человеческих
идеалов, независимо от национальной принадлежности
и религиозных убеждений. Исходная идеология Наурыз

мейрамы как нерелигиозного праздника весны и
обновления позволяет найти общие корни и параллели
с проводами зимы, другими значимыми моментами в
жизни всех народов Востока.
Одним из идеологических стержней в праздновании
Наурыз мейрамы должны стать межнациональное
согласие, дружба и взаимное уважение. Соответственно,
мероприятия этого направления необходимо проводить
под девизом дружбы между народами, уважения и
терпимости друг к другу. В условиях современного
возрождения национальных культур и их сближения
очень важно сохранять и демонстрировать народные
обряды и ритуалы в дни этого светлого, веселого
и доброго праздника. Использование при этом
красочных театрализованных зрелищ, составленных на
фольклорной основе, может не только в определенной
степени обновить, осовременить содержание древнего
Наурыза, но и способствовать воспитанию уважительного
отношения к его народным истокам, истории и культуре
страны.
На протяжении Наурыз мейрамы важно сохранить
праздничный настрой, организовав гастроли известных
музыкантов и творческих коллективов по республике,
совместные выступления фольклорных народных
коллективов с профессиональными исполнителями. На
всех концертных площадках должна идти пропаганда
национальной культуры народов, демонстрироваться ее
многообразие.
Пропаганда идеи обновления и гармонии человека

с природой послужит, с одной стороны, воспитанию у
молодежи чувства ответственности за окружающую среду,
призывая найти равновесие с ней, с другой — соблюдению
принципа преемственности, другими словами взрослая
часть населения посредством воспитательных приемов
передает добрые традиции Наурыза молодому поколению
страны.
Особое внимание необходимо обратить на
использование пропагандистских возможностей СМИ.
Все средства массовой информации в дни празднования
Наурыз мейрамы особенно должны обращать внимание
на содержательную часть своих мероприятий,
которые будут познавательными и интересными
для преобладающей части социальных групп
населения. Проведение телемостов между регионами,
телемарафонов и тематических программ и других форм
подачи информации имеют первостепенное значение
в пропаганде идей Наурыза. При этом в обязательном
порядке проводить не только театрализованные
представления с богато убранными юртами, вкусно
приготовленным наурыз-коже, но и благотворительные
акции как помощь детским домам, интернатам, детским
образовательным и медицинским учреждениям, домам
престарелых, а также народные спортивные игры, уход
за зелеными насаждениями, посадка деревьев, розыгрыши
благотворительных лотерей и проведение аукционов в
благотворительных целях.

Су орнына

Наурыз мерекесінің тарихына тоқталсаңыз...

Тәттігүл КАРТАЕВА,
археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры м.а.:

— Наурыз мерекесінің қалыптасуы, мән-жайы туралы жазба деректерді ортағасырлық шығыс
ғұламаларының, казак жеріне келген орыс және батыс зерттеушілерінің, саяхатшылардың, алаш
зиялыларының еңбектері құрайды.
Омар Хайям жазып алған аңыз бойынша, парсы елінің ерте дәуірлердегі тәңірі Изид күнді
жаратарда оған ерекше ықылас-мейір төккен, күнге үнемі қозғалыста болуды бұйырған. Күн өзінің
жылдық айналымында әрбір жұлдызды бір айда басып өтеді... Он екі жұлдыздың бірі амалға күннің
бірінші кірген күні, күн мен түннің теңелуі, көктемнің басталған күні болып есептеледі. Ажам (парсы)
патшалары дәл осы күнді айрықша атап өту үшін баршаға мәлімдеп мейрам деп жариялаған. Осы
аңыз желісі бойынша парсы әлемінің бірінші патшасы Каюмарс таққа отырғаннан кейін жылдың
әр айы мен күніне ат қоюға, адамдар біліп отырсын деп жылнама жасауға жарлық берген. Жылдың
басы фарвардин айы атанды. Каюмарс жыл есебін жасаған соң қырық жыл өмір кешкен, одан соң
таққа Хұшан, одан кейін Тахмұрас, одан кейін Жәмшид отырған (бұл аралықта тарихтан 1040 жыл
уақыт өткен дейді). Жылдың басы-мейрам күніне «наурыз» деген атты осы Жәмшид патша берген.
Оның патшалығы тұсында Иранды аждаһа-патша Закһак деген атпен белгілі Баюрасп басып алады,
әрі халыққа қатты азар береді. Кейін Жәмшид әулетінен шыққан Афридун оны өлтіріп, таққа
отырады (оның патшалығы 500 жылға созылған). Ол патшалықты қабылдаған күні мейір айының
21-не (қазіргі таңда қыркүйекке) сәйкес келетін мейірган мейрамын, яғни сабантой мерекесін
жария еткен. Закһактың езгісінен құтылған халық бұл күнді жақсы күндер хабаршысы ретінде
мерекелеген. Наурызды тойлау Афридун тұсында жалғасын тапқан. Кейін Афридун өз патшалығын
ұлдарына мирас етіп, Турға — Шығыс Түркістан, Моғолстан, Амудария аңғары, Солтүстік және
Оңтүстік Қытайды, Сәлімге - Кіші Азияны, Ұражаға — Ажам мен өз тағын берген. Осылайша
Афридун мейрамы шығыс елдеріне тарайды. Гүшстасп патшалығына дейін 940 жыл уақыт өткенде
заратуштра діні пайда болады. Гүшстасп патша саратан (жаздың басы) шаруа үшін молшылық айы,
алым-салық төлеу үшін де қолайлы ай деп, мейрамды осы күнге белгілеген, төрт жылда бір келетін
кабиса жылын есепке алды. Кабисаны есепке алу, наурыз күнін жазда тойлау Ескендір Зұлқарнайын

Әнәлі-аақыл орнына

Наурыз мерекесін тойлаудың маңыздылығын арттыру үшін қандай ұсыныс айтар едіңіз?

Ләззат ШАЙКЕНОВА,
Бас ғалым хатшы:



— Наурыз мерекесі — «Самарқанның көк тасы еріп», жер
бетіне жақсылық ұялаған ұлы мереке. Түркі халықтарына
ортақ мейрамның көнелігін талай тарихи деректер
растайды. Ескі жылдың саркытын сарқып ішіп, жана жылға
жана тебінмен жетер бабалар дәстүрі Тәуелсіздік жылдары
қайта жаңғырып, мерейлі мереке еңселі елдің елеулі күніне
айналды. Жер дүниенің жанарып, тоң кеудесі жібіген күні
барлық ел мейірімділіктің, қайырымдылықтың, ізеттілік
пен ізгіліктің бар екендігін дәлелдейді. Алыстағылар
қауышып, ренжіскендер татуласады, жакындағылар көрісіп, өкпелеткендер кешірім
сұрайды.
Көктемнің жарқын мерекесі — ел бірлігін асқақтатқан ерекше күн. Сол себепті
мерекені тойлау барысында тек казак халқының емес, түркі халықтарының ұлттық
ойындары, өнегелі дәстүрлері насихатталса деймін. Бұл татулықтың іргесін нығайтып,
танымдық көзжиекті кеңейтетін қызықты шара болар еді. Жер-жерде әр ұлттың
отауы тігіліп, ұлттық киімдері киілсе, тағамдары дайындалып, ойындары ойналса, жас
буынның мерекені тойлауға қызығушылығы артып, еліміздегі өзге ұлттардың дәстүріне
қатысты сыйластық сезімін қалыптастыруға, ортақ мереке арқылы Отанымыздың,
еліміздің бір екендігін санасынан өткізуге ықпал етеді деп ойлаймын. Әртүрлі ұлт
өкілдері өз жоралғысын ұсынып, сый-тартуын жасаса, өзара жылы қатынас орнап,
бауырлас ұлттардың дастарханы бірге жайылады. Сондықтан адамзаттың бірлігін
насихаттап, татулықты үгіттейтін жарқын мерекені тойлау дәстүрі үзілмесін деймін!
Еліміздің еркіндігі баянды болып, айбыны арта түссін!

Сауалнаманы жүргізген Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



**27 марта в ВШЭИБ состоится традиционная студенческая
олимпиада по экономическим специальностям**

Сезімімді жеткізер «СЕЛТЕТКІЗЕР», қош көрсен, ұяң сұлу, «ҰЙҚЫАШАР» бер

Әр халықтың өзінің төл әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Көзі ашық, көкірегі ояу кез келген жан бұл құндылықтарды әспеттеп, ұлықтап өтеді. Осы орайда, ұлттық құндылықтарымыздың мерейін арттыру үшін өз жанымызға жақын, әлі де ұлықталмай жүрген тарих қойнауындағы асыл әдет-ғұрыптарымызды кеңінен насихаттау керек-ақ. Сол өз бағасын ала алмай жүрген мерекелеріміздің бірі 21 наурыз – Ғашықтар күні.

Бұл күні сері жігіт ғашығына сезімін білдіріп, «Селтеткізерін» тарту еткен. Егер бойжеткен оның сезімін қабыл алса, «Ұйқыашарын» дайындап ұсынған. Ұйқыашар тағамының сырына тоқталсақ, ол соғымның қалған етін уызға салып пісіріп дайындалады. Ал жігіттер мен бозбалалар «Селтеткізерге» аруларына арнап



Суретті түсірген Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

айна, тарақ, иіс май, күміс жүзік сыйлаған екен. Әр сыйлықтың өзіндік сыры болған. Мысалы, айна – пәктік пен жастықтың, тарақ – әдемілік пен

сұлулықтың, иіс май – бүршігін жаңа ашқан жауқазындай құлпырудың, күміс жүзік – тазалықтың белгісі ретінде сыйға берілген. Ару сыйлықты

қабыл алып, «Ұйқыашарын» ұсынып жатса, арман-тілектері табысқан қос махаббат иесі осыдан кейін өмір бойы бір болуға серттесіп, сол күнгі Ұлыстың ұлы күнінің таң шапағын бірге қарсы алады екен. Бұл – сол кездердегі таңғы арайды бірге қарсы алған қос ғашықтың өмірлері нұрлы болады деген сенімнен шыққан.

Бұл салт кейіннен мүлде ұмытыла бастады. Бірақ бүгінгі таңда оны насихаттау шараларын қолға алып жүрген жастарымыз баршылық. «Қазақ университеті» газеті де оған өз үлесін қосу мақсатында жыл сайын «Селтеткізер» мен «Ұйқыашардың» өлеңмен өрілген үлгісін көрсетіп, жастардың пікірлерін ұсынып келеді. Бара-бара тек басылым бетінде емес, қоғамда, жастар арасында осы ұлттық дәстүр кең қолдауға ие болса екен деген тілек бар. Ал жастарымыз бұған не дейді екен?!

Айдана СЫДЫҚОВА,

"Сұңқар" студенттер кәсіподағының төрайымы:

ЖАСТАРДЫҢ МАХАББАТТАРЫН БЕРІК ЕТЕТІН КҮН



Наурыз – бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы. Наурыз – ұлттық мәдениетіміз бен салт-дәстүрлеріміздің тоғысқан шағы, күн мен түн тенеліп, тіршілікке қан жүгірген кезең. Дәл осы Ұлыстың ұлы күнінде ерекше жарасымды жөн-жоралғылар бар. Олардың бірі «Селтеткізер» болса, екіншісі – «Ұйқыашар».

Қыздар өздері ұнатқан жігіттеріне «Ұйқыашардан» дәм таттыратын болған. Мұның мәнісі жігіттердің ұйқысы сергек болсын деген ұғымнан туындаған.

Махаббат – бұл өмірдегі ұлы сезім. Қазақтың бас ақыны Абайша айтсақ, «Махаббатсыз өмір бос». Барша әлемді ұстап тұруға қауқарлы махаббат дейтін болсақ, сол махаббатты ұлықтайтын ерекше күн қазақ тарихында да бар. Ендігі мақсат – сол ескерусіз қалған мерекені қайта жаңғырту. Сондай-ақ, Наурыз мерекесінде біз өз жақындарымызға ерекше махаббат сезімін білдіре отырып, мәнді де мағыналы сый жасағанымыз дұрыс деп ойлаймын.

Біздің ҚазҰУ жастары бұл дәстүрімізден шет қалмақ емес. 21 наурыз күні Жастар алаңында қалашықтың қыз-жігіттері бас қосып, осы дәстүрді насихаттау шараларын жүзеге асыратын болады. Ұлттық университет жастарының қашанда ұлттық мүддені ұстанатынын айтқым келеді.

Азизбек КСЕНБАЕВ,

физика-техникалық факультетінің 2-курс студенті,
Жастар ұйымдары комитеті:

МАХАББАТҚА АДАЛ БОЛАЙЫҚ!

Табиғат жаңарып, дала гүлденіп, бар жамағаттың көңілі көтерілген сәт, жеңілдіктің келген кезіндегі 21 наурызды – Ғашықтар күні ретінде атап өтуге толық келісемін. Бұл күн еш талассыз Ғашықтар күні болуға сұранып тұр. Бұған негіз бар. Салт бойынша жігіттер қыздарға «Селтеткізер» сыйлап, егер қыздар қабыл алса, «Ұйқыашар» дайындап, дәм татырып, ұзақ түн ұйықтамай, Наурыз таңын қарсы алған ғой. Сондықтан қазақ жұрты, қазақ қана емес-ау, күллі түркі жұрты «Ғашықтар күнін» тойласа, 21 наурызда тойласын! Бұл күнді адам атымен нақтылаудың қажеті жоқ, өйткені ғашықтар деген сөздің ішінде кешегі Қозы мен Баян, Жібек пен Төлегендер, Ләйлі мен Мәжнүндер, бүгінгі сіз бен біз де бармыз... Осы күнді насихаттау арқылы біз төл аңыздарымыз бен әдебиетімізді дәріптеп, жастардың құлағына сіңірсек, дұрыс болады деп ойлаймын.

Ендеше, 21 наурыз – Ғашықтар күні құтты болсын! Махаббатқа адал болайық!



БАЙҚАУ

Кешті Студенттік «Бақыт» би ансамблі қазақ биімен ашты. Қазақстан халқы ассамблеясы жылына арналған салтанатта 14 факультеттің бишілері өз өнерін ортаға салды. Зор дайындықпен келген жан-жақты студенттік топтар өнерімен бір-бірінен асып түсіп жатты.

Елімізге белгілі хореографтар мен продюсерлер әділ-қазы мүшесі болып, жастардың өнерін бағалады. Нәтижесінде би байқауында механика-математика факультеті (белорусь биімен) мен биология және биотехнология факультеті (грузин биімен) III орынды иеленсе, ЖОО-ға дейінгі «Үкілі ару» би ансамблі (қазақ биімен) мен филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті (қырғыз биімен) II орынға лайықты деп танылды. Химия және химиялық технология факультеті (молдован биімен) I орынды иеленіп, жүзден жүйрік шықты.

Сондай-ақ кеште «Қазақстан

ӨНЕРЛІНІҢ ӨРІСІ КЕҢ

Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында 13 наурыз күні «Студенттік көктем-2015» көркемөнерпаздар байқауының «Халықтар достастығы» тақырыбына арналған би байқауының финалдық концерті өтті.



дауысы-2014» байқауының жеңімпазы Шахаризат Сейдахмет келіп, жастар арасында танымал «Мақпалжан» әнін орындаса, жас әнші Малика Есмұханбетова «Махаббатым», «Кім білген» атты авторлық әндерін шырқады.

Кештен кейін өз әсерімен бөліскен химия және химиялық технология факультетінің 2-курс студенті Медет Әбеннов: «Бүгін біздің факультет I орынды иеленді. Олар жеңіске лайықты деп санаймын. Өйткені, сабақтан кейін химфак студенттері үнемі қызу дайындықта жүретін...» – дейді.

Жыл сайын ұйымдастырылатын университет көлеміндегі ауқымды шараға тек талапты да талантты, зеректі де зерделі, өнерімен өнеге көрсетер ең белсенді үздік студенттер қатысып, бақ сынасады. Алдағы уақытта өтетін гала концертте талай жүйріктің өнеріне тәнті боларымыз анық.

Жұлдыз ӘБІЛ

Университет қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы бүгіннен бастап бір ай бойы тазалық байқауын өткізеді

Абай Нариман Жетпісбайұлы
1994 жылы 10 шілдеде Жамбыл облысы Шу ауданына қарасты Еңбекші ауылында дүниеге келген. Жергілікті Еңбекші орта мектебін үздік тәмамдаған ол өлең жазу құмарлығымен жергілікті аудандық, облыстық, республикалық басылымдарға өлеңдерін жариялаған. Жүрегі поэзия деп соғатын жас талант қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінің 3-курс студенті.



ҒАШЫҚПЫН	
Сен білесің бе? Білесің бе? Сені қалай сүйетіміді. Саған деген махаббаттан күйетінімді Күні бойы бейнеңнен көзімді алмай, Сені ғана қиялдап жүретінімді.	Тек саған.. саған қарай асықтым мен, Ай жүзің мені арманға алып барады. Сен.. сен баурап алдың мені еріксіз, Ұйқы жоқ... ұйықтай да алмаймын өзінді ойлап. Бұл махаббат... махаббат екен ессіз... Көзімді көрместей қып алған байлап.
Сен білесің бе? Тек саған... саған ғана ғашықпын мен, Сұлусын жаралғандай нәзік гүлден. Жүрегім кеудемдегі сен деп соғар, Сезімнің теңізінде қалқып жүрген.	Көргім келеді... дәл қазір сені көргім келеді Жолыңа жаным құрбан өлгім келеді. Түсіме енсең ешқайда қарайламай Елесіңнің соңынан ергім келеді.
Суретіне қараймын да тамсанам, Сенсің менің махаббатым аңсаған. Жалғанда жанымды ұғар жалғызым, Ғашықпын! Шын ғашықпын мен саған!	Ғашық болдым, уын іштім махаббаттың, Есім жоқ... сезімге терең судай баттым, О, тәңірім, жалынам есін жиғыз... Есін жиғыз қиял қуған ақымақтың.
Айтамын тек өзіне сырымды ашып, Түнімен сені ойлаймын ұйқы қашып. Кетпейді көз алдымнан сенің бейнең, Өзіне екенмін мен ессіз ғашық...	Тауыстың тағатым мен төзімімді, Өртедің жүректегі сезімімді. Айдында қалқып ұшқан ақша бұлтпен, Аспанға жазсам шіркін есіміңді...
Өрте, өлеңім, жанымды өрте менің! Жансын жүрек сезімім тасысын бір! О,ғашығым, мен саған шөлдеп едім, Кел жаныма шөлдегенім басылсын бір!	Жол тауып ізіменен әділдіктің, Ақылмен сактап ылғи сабырлықты, Ой салып ұйқтап жатқан жүректерге, Бастадым өнер деп мен ақындықты!
Мен ғашықпын! Ғашықпын! Ғашықпын мен! Кеудемде —өрт, жүрегім жанып барады...	Отырып кейде бір сәт мұң шағатын- Ақ парак, жалғыз досым бір қаламым. Шабытым тұла бойда тулап тұрса

Қолыма қалам алмай бар ма амалым?!

Кеудемде шок кернеген кездерде мен,
Іштегі от жалынды шертем терең.
Асау шабыт жұлқынса тәнімді өртеп,
Шығады ой кемеден татымды өлең.

Қалам-дос қағаз-жолдас, өлең-өмір
Осылай өтіп жатыр бұл кірбелен.
Алланың берген бағын бағалайын,
Өнер деп ақындықты биік көрем!...

АҚЫНДАРДЫҢ ЖАНЫ-ЖАЛҒЫЗ
Кеудемде тыным таппай жүрегім,
Жаным-жалын, ішім толған қайғы-мұң.
Терең ойым жетелейді сан жаққа,
Қайда барса менде сонда жүремін.

Тұншықтырды мені қайғы теңізден,
Мұңға батқан жас ағады көзімнен.
Қаламымның аққа басып сиясын,
Кейде бір сәт сөйлесемін өзіммен...

Мұңға толы өмірімнің өткені,
Күзге айналған көңілімнің көктемі,
Қай кезде де қайғы арылмас басымнан,
Ақындардың жаны-жалғыз... жаны- жалғыз өйткені....

Мен-дағы жүрегі жараланған ғашық жанмын.
Ұмытамын...сені қалай ұмытамын?..
Тамады жанардағы жасымнан мұң.
Сендей жан жалғыз бірақ бұл өмірде
Табылмас іздесем де ғасырдан мын...
Жүрсем де мен жырақта, сен жырақта
Ұмытпа сен тек қана өтінерім
Мәңгілік жүрегіңнің қасындамын!...

САҒЫНЫШ

Жүрегімнің түбіне мұң тығылып,
Періштем, жалғыз сені жүрмін күтіп.
Сарғайып сені іздеген жанарымнан,
Көктен тамған тамшыдай үзілді үміт...

Көремін бейнеңді мен көк аспаннан,
Сен ақ бұлтсын ақшамға қалқып ұшқан.
Жабырқаулы жүрегім күңіреніп,
Жылайды саған деген сағыныштан...

Сағыныш...сағынышым сағындырған...
Арылмады ажарым қайғы мұңнан.
Жалғыз сен мені ессіз ғашық еткен...
Жалғыз сен жүрегімді бағындырған...

Табылмай жүректегі дерттің емі, Қанатсыз қыран құстай еттің мені. Бағынбай ақылымның дегеніне, Іздейді сүйген жүрек жалғыз сені.	Көңілге мұң ,түпсіз қайғы тұнады, Адам ба әлде тағдыр ма оған кінәлі?! Тағат таппай келер ме деп ғашығын, Сүйген жүрек аңсауменен жүр әлі..
Іздеумен ғашық жүрек өз сынарын, Көңілге жалғыздықтан тұнады мұң. Кім біледі тағдырдың тәлкегімен, Жолығатын өзіңмен бір туар күн...	Бәрі бітті... білемін бәрі де кеш.... Бәрі бекер өткен күндер...бәрі де елес... Өтер уақыт зуылдап бірақ... бірақ... Сені жаным сағынбау мүмкін емес....
Дайындаған Б.ӘБДІРАШҚЫЗЫ	

В настоящее время КазНУ решает задачу – трансформироваться в современный исследовательский университет мирового уровня. Одним из направлений модернизации вуза является научно-исследовательская работа преподавателей со студентами. В свою очередь, самостоятельная деятельность студентов – это основное условие успешной организации учебного процесса.

Очень важно, когда студенты умеют самостоятельно ставить цель, могут планировать свои действия, корректировать их выполнение. В этом направлении важная роль отводится студенческим научным кружкам. Самостоятельная работа студентов в кружке – это средство повышения познавательной деятельности студента, с помощью которого он может осуществить собственное образование, развитие и профессиональную подготовку в соответствии с поставленными задачами. Деятельность студенческого научного кружка ориентирует потенциал студента на профессиональное, интеллектуальное и социальное творчество, обеспечение условий

Научный кружок «Органик»

для самообразования. На кафедре химии и химической технологии органических веществ, природных соединений и полимеров КазНУ с 2010 года действует научный кружок «Органик». В состав научного кружка входят студенты 1-4 курсов факультета химии и химической технологии под руководством старшего преподавателя, к.х.н. М.А. Дюсебаевой. Направлением кружка является научно-исследовательская работа в области тонкого органического синтеза и химии природных соединений, которая считается весьма актуальной в связи с мировым поиском новых потенциально биологически активных и практически полезных веществ. Решать поставленные перед собой задачи членам кружка помогают преподаватели кафедры, выступая с открытыми лекциями по актуальным темам в исследуемой области, например такие, как: д.х.н., профессора Р.А.Музыкакина, Ж.А.

Абилов, М.Ж. Турмуханова, Г.Ш.Бурашева, Г.Е. Жусупова, М.К. Бейсебеков и др. Результаты исследований докладываются на международных конференциях, к примеру: «VII школа-конференция по органической химии» г. Санкт-Петербург, «Мир аль-Фараби» г. Алматы, XXV Менделеевская конференция молодых ученых г. Томск и т.д. В 2014 году на международной конференции «Мир Аль-Фараби» члены кружка «Органик» получили призовые места и были награждены грамотами: А.Бакеев – диплом I степени, Т. Джиеналиев –грамота. Также ежегодно члены кружка проводят познавательную игру «Дневники органиков» среди студентов факультета химии

и химической технологии, которая посвящена выявлению знаний в области органической химии среди студентов. Победители получают приглашение в кружок, а также награждаются ценными призами. Таким образом, студенческое научное общество является творческим центром, где рождаются новые идеи и, как следствие, появляется желание их развивать и реализовывать, помогать друг другу, готовиться к олимпиадам, участвовать в конкурсах и побеждать, где и проверяется глубина и прочность знаний, творческая активность и самостоятельность студента. Двери кружка «Органик» открыты всем желающим.

**М. ДЮСЕБАЕВА,
Ж. ЖЕҢІС,
Г. БУРАШЕВА**

ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультеті «Ядролық физика» және «Физика» мамандығының студенттері жуырда О. Жәутіков атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика орта мектеп интернатында педагогикалық практикадан өтті.

БОЛАШАҚ МАМАН



Тәжірибе кезінде студенттер «Атом ядросы. Ядроның нуклондық моделі. Ядроғағы нуклондардың байланыс энергиясы», «Радиоактивтілік. Радиоактивтілік ыдырау заңы» т.б тақырыптарда әртүрлі ашық сабақтар өткізіп, өз ізденістерін байқатты. Оқушыларға сабақ өту, олармен қарым-қатынасты жақсартуды үйреніп, мол тәжірибе жинақтады. Сондай-ақ сыныпқа «Ата-ана кадірі», «Кітап – білім бұлағы», «Табиғатты аялайық» т.б тақырыптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаттарына директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары А.К. Ахметбекова,физика пәнінің мұғалімдері С.Т. Тұяқбаев, М.Т. Досанбай, практика жетекшісі Ф.Б. Белисарова, Б.Т. Досаева, С.Е. Кемелжанова, сынып жетекшілері – А.К.

Құрмантаева, М.С. Сағадиева және өзге де студент-практиканттар қатысып, жоғары баға берді.

Студенттер қай пәннің мұғалімі болса да, негізгі максаттары білім сапасын арттыру екендігін ұғынып, сезінді. Сонымен қатар жетекшілерінен заманауи талаптарға сай көптеген оқыту технологияларын меңгеру жолдарын үйренді. Олар аз уақыттың өзінде мұғалім болудың аса жауапкершілікке толы мамандық екенін түсінді. Мұғалім болу ұқыптылықты, жоғары білімділікті талап ететіндігіне көз жеткізіп қайтты.

**Б.Т. ДОСАЕВА,
С.Е. КЕМЕЛЖАНОВА,**
теориялық және ядролық физика кафедрасының оқытушылары

НАУРЫЗДЫҢ ҰЛЫС КҮНІ ДЕП ЖАРИЯЛАНУЫ

Діни аңыздар бойынша,
бір күні Нұх пайғамбардың кемесі
Қазығұрт тауына келген сәтте жердің бетін
жайлаған топан су кері қайтады. Осы кезде кемедегі
жан-жануарлардың барлығының жерге табаны тиіп, бәрі
де көктен түскен қасиетті қазаннан бірге дәм татады.
Нұх пайғамбар сол сәт бұл күнді «Ұлыстың ұлы
күні» деп жариялайды...



КӨКТЕМ ЖАРШЫСЫ – БӘЙШЕШЕК

Ел арасында бәйшешек туралы
мынандай аңыз бар.
Көне кезеңде болған оқиға. Қытымыр қыс жер бетінде
ұзақ аялдайды. Таудың етегіндегі қара үйде қарапайым
шаруа өмір сүрген. Отағасы күнкөріс қамымен жыраққа
кетеді. Әйелі мен екі перзенті соңында қалады.
Күндердің күнінде бір баласы сырқаттанып қалады.
Әйел не істерін білмей абдырайды. Осылай иен
далада көз жасын көл етіп келе жатады. Осындай
сәттің бірінде оның көз жасы қарға тамып,
оның астынан бәйшешек бой көтерген
екен. Солайша бала да аман
қалады.



ЖЫЛ БАСЫ БОЛУ СЕБЕБІ

22 наурыз неліктен Жыл басы? Себебі, қысқы
ұзақ түн қысқара-қысқара келіп, наурыздың
21-інде 12/12 сағаттық уақыт болып теңеледі де
22 наурызда секөндтеп жарығы ұзара береді. Демек
22 наурыздың жыл басы болуы ғаламдық заңдылыққа
сәйкес. Қазақтар жыл санауда өзге халықтардай
ай мен күнге емес, негізінен жұлдыздардың қозға-
лысына сүйеніп, есептеу жүргізген. Жаңа
жылдың 22 наурызда басталуы Жердің Күнді
айналуы жолындағы қозғалуының да
ерекшелігіне орай дұп-дұрыс.



Дайындаған Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Суреттерді түсірген Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА**
Тілші: **Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №241

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.